



АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

№3(91) ШЫҒАРЫЛЫМ, 2022ж.



Ұйым басшыларының назарына!

2022 жылдың қыркүйегінен бастап “Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығы” АҚ “Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс ғылыми-зерттеу институты” АҚ-мен қосылу жолымен Қазақстан Республикасы ТЖМ “Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту Ұлттық орталығы” акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.

Ұлттық мәртебесіне ие болғаннан кейін бұрынғы азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің барлық деңгейіндегі басқару органдарын оқыту қызметіне жаңа ерекше міндеттер қосылды, олар мыналар:



✓ бақылау және зертханалық бақылау желісіне кіретін объектілік зертханалардың мамандарын ерекше кезеңдегі іс-қимылдарға даярлау;

✓ азаматтық қорғаныстың арнайы мүлкін кәдеге жарату мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстар жүргізу;



✓ өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыру.

Ұлттық орталықтың қызметі туралы толық ақпаратты

www.tg-oku.kz сайтынан, сондай-ақ

8(727)274-64-26, 274-91-54, 394-56-36, 8775-251-25-95, 8705-301-73-01

телефондары арқылы білуге болады.

Электрондық пошта: kursy@bk.ru немесе gz_center@mail.ru.

*Мамандандырылған
тоқсандық
басылым*

2000 жылдан бастап
шығады

Басшы кітапханасы

**ЖАЗЫЛУ
ИНДЕКСТЕРІ:**

75668 – қазақ тілінде;
75669 – орыс тілінде

Құрылтайшы:

«Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы

Редакциялық кеңес:

Е. Н. Мельников
Б. К. Енсебаев
Б. О. Булыбаева
А.С.Сатарбаева

Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде 20.01.2022 жылы № KZ72VPY00045002 тіркелінген



НӨМІРДЕ:

- Редакциядан алғы сөз.....2
- Республика аумағында 2022 жылдың алты айында болған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы шолу ақпарат.....3
- ҚР ТЖ министрінің 2022 ж. 21 ақпандағы №55 бұйрығы..... 8
- Азаматтық қорғау терминологиялық сөздігі40
- ТЖ қорғау.....64
- Айдар: «Сұрақтар мен жауаптар»..71
- Біздің тыңдаушыларымыздың пікірлері.....78
- «Радиациялық және химиялық бақылау бекетінде ұйымдастыру бойынша» Оқу құралы.....80

Құрметті Журналға Жазылушылар!

Жалпыға танымал «АҚ ҰО» бренді өзінің интернет-ресурсын толығымен жаңартты және жетілдірді. Енді ол, азаматтық қорғаудың барлық аспектілері бойынша бірыңғай ақпараттық база нысанын ұсынатын, заманауи форматқа ие болды. Ұйымдар, АҚ бойынша барлық ақпарат жүйеленген және мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге түрде көрсетілген мамандандырылған электрондық онлайн кітапхананы пайдалану мүмкіндігіне ие. АҚ ҰО электрондық кітапхана жаңартылған сайт құрылымында жұмыс істейді www.tg-oku.kz

Ұйымдар, жазылу арқылы АҚ ҰО электрондық онлайн кітапханасын пайдалана алады. Жылдық жазылу - 57 667 теңге. Электрондық онлайн кітапханаға жазылу келесі порталдар арқылы рәсімдеуге болады: «Мемлекеттік сатып алу», «Самұрық-қазына», «Теңіз-сервис» және «ЕТБ», онда АҚ ҰО 990540004163 БСН-мен тіркелген. Шартты жасап, Сіздің ұйымыңыздың қызметтеріне ақы төлегеннен кейін автоматты түрде интернет-ресурстың ақылы контентіне қолжетімділік коды мен құпиясөз берілетін болады. Сондай-ақ, **Kaspi.kz** мобильді қосымшасының "төлемдер" бөлімінде төлем жасауға болады.

Электрондық онлайн кітапханаға жазылушыға келесі қызметтер ұсынылады:

- АҚ саласындағы тұрақты жаңартылатын нормативтік база.


- Орталықтың әдістемелік материалдары қызметкерлерді оқыту мен даярлауға көмектеседі. Біздің слайд материалдары–сабақтарға арналған дайын рефераттар, ал ұсыныстар-оқу жаттығулары мен жаттығуларға арналған шаблондар.

Орталықтың заманауи контенті–бұл қауіпсіздік жүйесін дамыту және жетілдіру бойынша ұйымдар мен кәсіпорындардың мүдделерін қорғауға бағытталған интернет платформа.

АҚ ҰО интернет-ресурсы бойынша толық техникалық ақпаратты Орталықтың телефондары арқылы алуға болады: 274-91-94, 8776-222-20-18, 8775-251-25-95, электрондық пошта: [kursy@bk.ru.](mailto:kursy@bk.ru), [gz_center@mail.ru.](mailto:gz_center@mail.ru)

Құрметпен, журнал редакциясы

**РЕСПУБЛИКА АУ-
МАҒЫНДА 2022 ЖЫЛ-
ДЫҢ АЛТЫ
АЙЫНДА БОЛҒАН
ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХ-
НОГЕНДІК СИПАТ-
ТАҒЫ ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙЛАР ТУРАЛЫ
ШОЛУ АҚПАРАТЫ**



«112» бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі пультына халықтан **3 410 717** қоңырау келіп түсті.

Мынадай уақытылы ден қою шаралары қабылданды:

- өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бөлімшелері және Республикалық жедел-құтқару жасағы **7 226** адамды құтқарды, **5 946** адамды эвакуациялады, **2 237** зардап шеккенге алғашқы медициналық көмек көрсетті, ТЖ орындарынан **413** адам денесін шығарды, **27 315** дабыл бойынша шығу жасады, соның ішінде **4 169** - өрт, **6 529** - авариялық-құтқару жұмыстары, **13 853** - өрт ретінде есепке алынбайтын жану, **54** - жалған шақырту, **1 025** - расталмаған жану фактілері, **1685** - басқалары;

-«Апаттар медицинасы орталығы» ММ **1 710** зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті, **1 322** адамды құтқарды, **622** адамды эвакуациялады, **2 117** шығу жасады, оның ішінде *трассалық медициналық-құтқару пункттері* **515** шығу жасады, **519** адамды эвакуациялады, **1 157** зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті.




ТЖМ қарамағындағы ұйымдар мынадай іс-шаралар өткізді:

«Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемелері іздеу-құтқару жұмыстарына, өрттерді сөндіруге қатысу, жеке құрамды жеткізуге және басқа тапсырыстар бойынша **1 046** ұшу жасады, оның ішінде санитариялық авиация желісі бойынша - **187** ұшу, **171** пациент тасымалдады. Мемлекет басшысының бизнеске қысымды төмендету бойынша тапсырмасын іске асыру мақсатында өрт қауіпсіздігі саласында бақылау тек жоғары тәуекел дәрежесіндегі объектілерге қатысты енгізілген және ерекше тәртіпте өткізіледі. Бақылау-профилактикалық қызмет шеңберінде өртке қарсы жай-күйіне **17 210** тексеріс жүргізілді, **82 030** бұзушылық анықталды, **14 018** адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, соның ішінде **3 936** лауазымды тұлғаға **162,9** млн.теңге сомасында айыппұл салынды.



Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде 2022 жылғы алты айында тексеріс жүргізілді оның ішінде ерекше тәртіп бойынша **619** және **505** жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Тексеру қорытындысы бойынша **17 770** бұзушылық анықталды, **571** объект тоқтатылды, **120** млн. теңгеден астам сомасында **777** әкімшілік айыппұл са-






лынды.

Халықты оқыту және хабар беру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында **37 475: 3 811** - телевизия арналарында, **7 610** - баспа басылымдарында, **16260** - радиода, **9 794** - ақпараттық агенттіктер таспаларында материалдар жарияланды.

Есептік мерзім ішінде **5 740** (-8,7%, 2021ж. - 5 056) табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ және оқиғалар тіркелген, **975** (-12%, 2021ж. - 741) адам зардап шеккен, соның ішінде **341**

Қазақстан Республикасы аумағындағы 2021 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2022 жылғы бес айында болған өндірістік және тұрмыстық өрттердің саны



(-18,4%, 2021ж. - 293) адам қаза болды. Материалдық нұқсан **2 млрд.488 млн. 14 мың** теңгені (-13,9%, 2021ж. - 2 144,76 млн. тг.) құрады.

ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТЖ жалпы ТЖ санының 92,5% құрайды, 4 271 оқиға (-9,2%, 2021ж. - 4 703) тіркелген, бұл ретте 349 (-24,3%, 2021ж. - 461) адам зардап шеккен, соның ішінде 190 (-10,8%, 2021ж. - 213) адам қаза болды.Техногендік

сипаттағы жағдайлардың негізгі үлесі өндірістік және тұрмыстық өрттерді 91,8% құрайды, 2022 жылдың алты айында 3 919 (-10,2%, 2021ж. - 4 364) өрт болды, онда 277 адам зардап шекті (-21,8%, 2021ж. - 354), соның ішінде 165 адам қаза болды (-13,2%, 2021ж. - 190), материалдық нұқсан 1 646,72 млн. теңгені (+41,3%, 2021ж. - 1 165,15 млн.тг.) құрады.



Өрттердің саны мына облыстарда: Павлодар 56,6%-ға (2022ж. - 138, 2021ж. - 318), Атырау 25,4%-ға (2022ж. - 88, 2021ж.- 118), Жамбыл 13,4%-ға (2022ж. - 207, 2021ж. - 239), Қостанай 13,2%-ға (2022ж. - 249, 2021ж. - 287), Маңғыстау 9,3%-ға (2022ж. - 98, 2021ж. - 108), Батыс Қазақстан 7,1%-ға (2022ж. - 143, 2021ж. - 154), Қызылорда 3,8%-ға (2022ж. - 154, 2021ж. - 160), Алматы қаласында 19,8%-ға (2022ж. - 255, 2021ж. - 318), Нұр-Сұлтан қаласында 14,8%-ға (2022ж. - 294, 2021ж. - 345) азайды.

Өрттер саны Ақтөбе облысында 8,3%-ға (2022ж. - 182, 2021ж. - 168) өсуі байқалды.Өрттің пайда болуының таралған себептері: 39%-ы электр жабдықтарын техникалық пайдалану және монтаждау қағидаларын бұзу, 24%-ы отты абайсыз қолдану, 15,6%-ы пештерді орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 6,2%-ы анықталған әдейі өртеу, 4,5%-ы тұрмыстық электр аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидала-





рын бұзу, 2%-ы балалардың отпен ойнауы, 1,2%-ы электрмен дәнекерлеу және басқа да отпен жүргізілетін жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу.

ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР

Төтенше жағдайлар ТЖ-ның жалпы санынан 7,5% құрады, 2022 жылдың алты айында 347 оқиға тіркелді (1,7%, 2021ж.-353), бұл ретте 303 адам (+8,2%, 2021ж. - 280) зардап шекті, соның ішінде 49 адам (-38,8%, 2021ж. - 80) қаза болды. ТЖ-ның басым бөлігі 50,4% - ды құрайтын табиғи өрттерге тиесілі.



ЖАҢА НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

*Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 21 ақпандағы
№ 55 Бұйрыққа қосымша*

Өрт қауіпсіздігі қағидалары 13 -тарау.

Медициналық ұйымдарды ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

281. Медициналық ұйымның басшысы науқастарды шығару аяқталғаннан кейін күнделікті өрт сөндіру бөліміне әр мекеме ғимаратындағы науқастардың саны туралы деректерді хабарлайды.

282. Өрт шыққан кезде уақтылы эвакуациялау үшін стационары бар медициналық ұйымдардағы өздігінен жүруге қабілетсіз адамдар бес науқасқа бір зембіл есебінен зембілдермен қамтамасыз етіледі.

283. Стационары бар медициналық ұйымдарда мыналарға:

1) науқастарға арналған палаталары бар корпустарда емдеу процесіне қатысы жоқ үй-жайларды орналастыруға немесе оларды жалға беруге;

2) аурухана палаталарына баллондардан оттегі жіберу үшін резеңке және пластмасса шлангты қолдануға;

3) ақауы бар емдік электр жабдықтарын пайдалануға;

4) аурухана палаталары және науқастар орналастырылған басқа үй-жайларда үтік, электр плиталарын және басқа да электрмен жылыту құралдарын пайдалануға;

5) оттегі бар баллондарды, егер жобалау құжаттамамен көзделмеген болса орнатуға және сақтауға жол берілмейді.

284. Қайнатқыштарды, су жылытқыштарды және титандарды орнату, медициналық аспаптарды зарарсыздандыру, сонымен қатар парафин мен озокеритті қыздыру осы мақсатта арнайы жабдықталған үй-жайларда жүргізіледі. Аспаптар мен төсемдерді қайнату үшін жабық шиыршықтары бар зарарсыздандырғыш қолданылады. Осы мақ-

сагта керогазды, керосин ыдыстарын және примустарды қолдануға болмайды;

285. Зертханаларда, бөлімшелерде, дәрігерлер кабинетінде дәрі-дәрмектер мен реактивтерді (тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарға жататын – спирт, эфир) сақтау арнайы, жабылатын металл шкафтарда сәйкестіктерін есепке алу арқылы жалпы саны 3 килограммнан аспайтын мөлшерде жүргізіледі;

286. Оттегі және жанғыш газы бар баллондарды бірге сақтауға, сонымен қатар осы баллондарды материалдық және дәрі-дәрмек қоймаларында сақтауға болмайды. Оттегі мен жанғыш газы бар баллондар арнайы үй-жайларда немесе қалқаның астында сақталады, жылу көздерінен (жылу беру құралдары, күн сәулесі) және оларға майдың және майлы заттардың түсуінен қорғалады.

14-тарау.

Физиотерапия кабинеттерін, анестезиология, жансақтау және қарқынды терапия, ота жасау бөлімшелерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

287. Физиотерапия кабинеттерінде, анестезиология, жансақтау және қарқынды терапия, ота жасау бөлімшелерінде барлық емдеу электр аппараттары ақаусыз күйде болуы керек, сенімді жерге тұйықтағышпен, зауыттың электр схемасымен және техникалық паспортымен қамтамасыз етіледі.

288. Электрмен және сәулемен емдеу кабинеттерінде қолданылатын, оның ішінде ауа қабаты бар стерилизаторлар тек зауыттан шыққан болуы керек және жанбайтын материалдардан жасалған беттерде орнатылады.

289. Үй-жайлардың жергілікті желдету жүйелерінің аппараттары мен қондырғыларының шығарындылары шатырдың жоғарғы нүктесінен 2 метрден кем емес биіктікте жүзеге асырылады.

290. Аппаратураны профилактикалық тексеріп қарау анықталған ақауларды жою шараларын қабылдай отырып, техникалық паспортта (нұсқаулықта) белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

291. Әрбір электрмен және сәулемен емдеу бөлімшесінде (каби-

нетінде) қызмет етуші персоналмен жүргізілген өртке қарсы нұсқамаларды және электр аппаратурасының жұмысында байқалған ақауларды тіркеу журналы жүргізіледі.

292. Науқастарды аурухана ғимаратынан эвакуациялау үшін сыртқы ашық баспалдақтарды қолдануға болмайды.

293. Ота жасау, ота алдындағы, наркоздық және ота жасау блогының жайларының есіктері мен өту жолдары арқылы науқастарды сүйретпелермен еркін тасымалдау қамтамасыз етіледі.

294. Есірткі заттары мен препараттардың өздігінен тұтануын болдырмау үшін осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес ота жасау бөлмесінде өрттер мен жарылыстардың алдын алу бойынша қорғау шаралары көзделеді.

295. Ота жасау столы, наркоз аппараты және барлық электр медициналық аппаратурасы жерге тұйықтайтын сымдармен қорғайтын қалаққа қосылады.

15-тарау. Медициналық ұйымдардың зертханаларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

296. Медициналық ұйымдардың зертханаларында зертхана үй-жайларына кіретін жерде олардың жарылыс өрт және өрт қауіптілігі бойынша санаттарының нұсқағыштары ілінеді.

297. Өндірістік қажеттіліктерге арналған оңай тұтанатын сұйықтықтарды беру құбыр арқылы жүргізіледі немесе тасымалдауға арнайы жабық сынбайтын ыдыс пайдаланылады. Құбыр ғимараттың сыртынан тікелей берілетін заттар пайдаланылатын орынға төселеді.

298. Оңай тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар ауысымдық қажеттіліктен аспайтын мөлшерде жұмыс жайларында, қақпағы бар, ішіне жанбайтын материал төселген, металл жәшікке салынған, қабырғасы қалың шыны немесе тығыз тығындысы бар сынбайтын ыдыста сақталынады. Мұндай сұйықтықтарды полиэтиленді сыйымдылықтарда сақтауға болмайды.

299. Зертханаларда заттар мен материалдарды сақтау қатаң түрде ассортимент бойынша жүргізіледі. Химиялық өзара әрекеттесуі нәтижесінде өрт немесе жарылыс шығатын заттарды бірге сақтауға

болмайды.

300. Өрт, жарылыс қауіпті сұйықтықтар және заттармен жұмыс істеуге арналған үстелдердің, сөрелердің, сору шкафтарының жұмыс істеуге арналған беттері жанбайтын материалдардан жасалған жабынмен және ернеулерден болуы көзделеді. Қышқылдармен, сілтілермен және басқа химиялық белсенді заттармен жұмыс істеу үшін үстелдер мен шкафтар тотығуға төзімді материалдардан жасалады.

301. Зертханада уытты немесе өрт- және жарылыс қауіпті булар мен газдарды бөлу мүмкіндігімен байланысты барлық жұмыстар тек ақаусыз жағдайда ұсталған, жанбайтын материалдардан жасалған сору шкафтарда жүргізіледі. Әйнектері сынық немесе желдеткіші ақаулы сору шкафтары қолдануға болмайды.

Сору шкафтардың жармалары, есіктері мен қалқалағыштары жұмыс уақытында барынша жабық (сорып шығу үшін төменгі жағынан үлкен ойықтарымен төмен түсірілген) болады.

Орындалатын операцияға қатысы жоқ материалдар мен жабдықтар сақталынған жағдайда, сору шкафта жұмыс істеуге болмайды. Сору шкафтары өздігінен желдететін каналдары бар желдету жүйесімен жабдықталады.

302. Қышқылдары, сілтілері және басқа химиялық белсенді заттары бар әйнек ыдысты, ішіне жанбайтын материал төселген арнайы металл немесе ағаш жәшіктерде тасымалдау жүзеге асырылады. Күкірт немесе азот қышқылдарын сақтау үшін ағаш жәшіктерді, себеттер мен жоңқаларды пайдалануға болмайды.

303. Сұйық оттегін оңай тұтанатын заттармен, майлармен және сұйық майлармен бір үй-жайда сақтауға болмайды.

304. Сығымдалған, сұйылтылған және ерітілген жанғыш газдары бар баллондар зертхана ғимаратынан тысқары металл шкафтарда орнатылады. Шкафтарда желдету үшін ойықтар немесе жалюзи торлары көзделеді.

Зертханалық үй-жайларға осы газдарды, сондай-ақ оттегін жеткізу орталықтандырылған күйде жүргізіледі.

305. Зертхананың барлық жайларындағы ағынды-сору желдеткіші жұмыс басталғанға дейін 5 минуттан кеш емес уақытта қосылады және жұмыс аяқталғаннан кейін сөндіріледі

306. Зертханаларда:

1) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, сондай-ақ жанғыш материалдарды қыздыратын аспаптарға, оттықтарға және басқа да от көздеріне 1 метрден жақын орналастыруға;

2) пайдаланылған тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды су бұру жүйесіне құюға;

3) едендер мен жабдықты тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтармен жууға;

4) оттықтар жанып тұрған және электр қыздырғыш аспаптары қосылып тұрған кезде байқаусызда төгілген сұйықтықтарды тазалауға;

5) жұмыс орнында майланған шүберек пен қағазды тастап кетуге;

6) жұмыс орнында және жұмыс істейтін үй-жайларда өрт қауіпті қасиеттері белгісіз қандайда бір заттар мен препараттарды сақтауға;

7) жұмыс орнын, жанып тұрған оттықтарды және басқа қыздыру аспаптарын қараусыз қалдыруға;

8) ішінде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар ыдыстарды ашық отта, сондай-ақ тұрмыстық электр қыздырғыш аспаптарында қыздыруға жол берілмейді.

307. Оңай тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар арнайы киімге тиіп кеткен жағдайда оны дереу ауыстыру шаралары қабылданады

308. Жарылыс- және өрт қауіпі бар заттармен жұмыс істеу кезінде, сонымен қатар зертханада (бөлмеде, бокста) түнгі сағаттарда жұмыс істеу кезінде кемінде екі адам болуы қажет.

309. Оңай тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды беруге арналған құбырлар жерге тұйықталады.

310. Пайдаланылған сұйықтықтар еритін заттардың қасиеттерін ескере отырып, герметикалық жабылатын сынбайтын ыдысқа құйылады және жұмыс күнінің соңында қалпына келтірілуі немесе жойылуы үшін зертхананың жұмыс жайларынан шығарылады. Осы сұйықтықтарды сақтау осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

16-тарау.**Бір және көп орынды емдеу барокамераларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі**

311. Барокамералар үй-жайларының есіктері әйнексіз, тығыздалған ысырмалары бар өздігінен жабылатын, құлыпсыз, сондай-ақ басқа ілмек қондырғыларсыз болуы көзделеді. Барозалдардың есіктерінің ені аурухана сүйретпелерінде немесе креслосындағы пациенттерді өткізуге мүмкіндік беретіндей, кемінде 1 м болуы көзделеді.

312. Барокамера үй-жайлары қабырғаларының қаптамасы, аспалы төбелер жанбайтын материалдардан жасалынады. Қабырғалар мен төбелерді бояу үшін тек су эмульсиялы бояулар пайдаланылады.

313. Барокамера үй-жайларына жылу беру орталықтандырылған, су жылу тасымалдағышының температурасы 95оС аспайтындай болуы көзделеді. Жылу беру аспаптарынан және жылудың басқа көздерінен барокамераға дейінгі арақашықтық кемінде 1 м кем болмайтындай көзделеді.

314. Екі немесе одан көп бір орынды немесе бір көп орынды барокамералар орнатылатын жайлар авариялық жарықпен жабдықталады.

315. Барокамераның үй-жайында олардың паспорттық немесе түгендеу нөмірлері көрсетіле отырып, құрамындағы оттегісі жоғары ортада жұмыс істеуге рұқсат етілген аспаптардың тізбесі ілінеді. Ақаулы аспаптарды тек оларды оттегісі арттырылған ортада пайдалануға болатындығы туралы тиісті белгілері бар ұқсас аспаптарға ауыстыруға болады, бұл ретте тізбеге тиісті өзгерістер енгізіледі.

316. Тікелей барокамераларға орнатылған шырақтарда тек қыздыратын лампалар қолданылады.

317. Бароаппараттар олардың бірде біреуі басқа бароаппаратты, барозалдың кез келген жабдығын, сондай-ақ науқастар мен қызмет көрсетуші персоналды эвакуациялауға кедергі келтірмейтіндей етіп орналастырылады.

318. Сеансты немесе оталауды бастар алдында барокамераның барлық аппаратурасы, өлшеу және бақылау аспаптары, байланыс құралдары, өрт сөндіру дабылдары, ал көп орынды барокамераларда және тасымалданатын аспаптар мұқият тексерілуі тиіс. Ақаулықтары немесе олқылықтары анықталған жағдайда, сондай-ақ тізімдемеге

енгізілмеген жабдық болған жағдайда анықталған кемшіліктер жойылғанға дейін сеанстар мен отаны одан әрі жүргізуге болмайды.

319. Бароаппараттары бар үй-жайларда оттегі мөлшерін бақылау үшін автоматты газталдағыштар орнатылады.

320. Бароаппараттар мен барозалдарды пайдалану кезінде болмайды:

- 1) пациентті бароаппаратқа синтетикалық киіммен жайғастыруға;
- 2) бароагрегаттарды (барокамераларды, барокондиционерлерді) жерге тұйықтамай бароаппараттарды пайдалануға;
- 3) барозалда (жайда, көліктің салонында) ақаулы аспаптарды және электр өткізгіштерді (зақымдалған оқшаулағышты, сенімсіз ұшқын-дайтын түйісулерді) пайдалануға, электр қыздырғыш аспаптарын (су қайнатқыштарды, электр плиталарын) пайдалануға, жанғыш материалдардан жасалған жиһазды, ұшқын тудыруға қабілетті материалдар мен бұйымдарды пайдалануға, ашық отты қолдануға, темекі шегуге, жұмыс орындарының төменгі жағына жарық түсіру үшін ашық шырақтарды қолдануға;
- 4) барозалда жанғыш және оңай тұтанатын сұйықтықтарды, майларды, сондай-ақ жанғыш, оның ішінде таңып байлау материалдарын сақтауға;
- 5) бароаппаратты рұқсат етілген кернеуден артық желіге қосуға;
- 6) пайдалануды алғашқы өрт сөндіру құралдарынсыз жүзеге асыруға болмайды.

17-тарау. Дәріханалар мен дәріхана қоймаларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі**321. Дәріханалар мен дәріхана қоймаларында:**

- 1) транзитті электр кабельдері өтетін жайларда, сондай-ақ газ коммуникациялары мен май сіңген аппаратуралар бар үй-жайларда сақтауға;
- 2) өнімді үйіп-төгіп сақтауға және оны жылу бергіш радиаторлар мен құбырларға жанастыра орналастыруға;
- 3) материалдарды тікелей қоймаларда ашуға және буып-түюге болмайды.

322. Қалқа астында ылғалды ауадан немесе судан шірімейтін, қызбайтын және тұтанбайтын химиялық заттарды сақтау жүзеге асырылады.

323. Материалдық құндылықтар қатаң түрде ассортиментке сәйкес сақталады, бұл ретте оңай тұтанатын сұйықтықтарды басқа материалдармен бірге сақтауға болмайды.

324. Пластмасса бұйымдары желдетілетін, қараңғы, құрғақ үй-жайда бөлме температурасында, жылу беру жүйелерінен 1 метрден кем емес қашықтықта сақталады.

325. Өрт немесе жану шыққан жағдайда тиісті бөлімшелердің басшылары өртке қарсы қызметін олар келіп жеткен бойда улы және жарылыс қауіпті заттардың бар-жоғы және сақталу орындары туралы хабардар етеді.

326. От қауіпті және жарылыс қауіпті дәрі-дәрмек құралдары біртектілік қағидасы бойынша және олардың физикалық-химиялық және өрт қауіпті қасиеттеріне және орау сипатына сәйкес сақталады.

327. От қауіпті және жарылыс қауіпті дәрі-дәрмек құралдарын сақтауға арналған үй-жайлар жанбайтын және төзімді сөрелермен және тұғырлармен қамтамасыз етіледі.

328. Оңай тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар ені 0,7 метрден кем емес және биіктігі 1,2 метрден кем емес есіктері бар жапсарлас, жанбайтын шкафтарда сақталынады.

329. От қауіпті және жарылыс қауіпті заттар қоймасы үй-жайларының есіктері ғимараттан шығатын жаққа қарай бағыта ашылады.

330. 100 килограмнан астам мөлшердегі оңай тұтанатын сұйықтықтар бөлек тұрған ғимаратта шыны немесе металл ыдыста өзге топтардағы от қауіпті заттарды сақтау үй-жайларынан оқшау сақталады.

331. От қауіпті және жарылыс қауіпті заттар сақталатын үй-жайларға кіре берісте «Өрт қауіпсіздігіне жауапты (жауапты тұлғаның аты-жөні, әкесінің аты (болған жағдайда))» жазбасы бар тақтайшалар ілінеді. Жауапты адам қалған от қауіпті және жарылыс қауіпті заттарды жинау және жұмыс күні соңында өзге де шаралар жүргізу мақсатымен күн сайын үй-жайға тексеріс жүргізеді.

332. Тез тұтанатын және жанғыш сұйық дәрі-дәрмек құралдарын:

1) толықтай толтырылған контейнерде сақтауға жол берілмейді. Толтыру деңгейі көлемнің 90 пайызынан аспайтындай етіп көзделеді. Көп мөлшердегі спирттер көлемнің 95 пайызынан аспайтындай етіп толтырылатын металл сыйымдылықтарда сақталады;

2) минералды қышқылдармен (күкірт, азот және өзге де қышқылдармен), сығылған және сұйылтылған газдармен, тез жанғыш заттармен, сондай-ақ органикалық заттармен жарылыс қауіпті қоспалар беретін (хлорат калийі, перманганат калийі) бейорганикалық тұздармен сақтауға жол берілмейді.

333. Жанғыш және жарылыс қауіпті дәрілік құралдар қалың қабырғалы тығыз жабылған контейнерлерде (бөтелке, банка, барабандар) жапқыш құралдары парафинмен құйылып сақталады.

18-тарау.

Әлеуметтік қызмет көрсету объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

334. Әлеуметтік қызмет көрсету объектілерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде қағаздарға және басқа да жанғыш қалдықтарға арналған себеттер мен жәшіктер үнемі тазартылады.

335. Әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарында жану кезінде ұйытқылығы жоғары өнімдер шығаруы мүмкін полимерлі материалдар қолданылып жасалған жиһаз бен жабдықты пайдалануға болмайды.

336. Тамақты тек осы мақсаттарға арнайы бөлінген және жабдықталған жерлерде ғана дайындауға (ысытуға) болады. Бұл ретте тұрмыстық қажеттілікке арналған электр жылытқыш аспаптарын автоматты өшіру құралдарынсыз қолдануға болмайды.

337. Жатын, ойнайтын бөлмелерде және қызмет көрсетілетін үй-жайларда үтіктерді, электр плиталарын және басқа да электрмен жылытқыш құралдарды пайдалануға болмайды.

338. Киімдерді үтіктеу тек осы мақсатқа бөлінген арнайы жабдықталған үй-жайларда ғана жүргізіледі. Үтіктеуді ақаусыз термо реттегіштері мен қосылатын жарық индикаторлары бар үтіктермен жүргізеді.

339. Жатқан науқастар мен қарттар үй-жайларда оларды неғұрлым жылдам эвакуациялау есепке алынып, орналастырады.

340. Оңай тұтанатын және жанғыш материалдары бар қоймаларды тікелей тұрғын бөлмелердің және палаталардың астына, сондай-ақ олардың жанына орналастыруға болмайды.

19-тарау.

Ғибадат құрылыстарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

341. Ғибадат құрылыстарының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде шам қойғыштар, шырақтар және ашық от қолданылатын жарықтандыру жабдығы жанбайтын беттерге, олардың төңкеріліп қалуын болдырмайтындай берік орнатылады.

342. Ырымдар және салттарды жүргізу үшін ашық от көздерін жанғыш материалдардан жасалынған, үй-жайды және жиналуын, киімдердің және заттардың бұйымдарына дейінгі қашықтық 0,5 метрден кем емес аралықта пайдалануға болмайды.

343. Шыны құтылары бұзылған, ашық от қолданылатын шамдарды пайдалануға, сондай-ақ оларды толтыру үшін тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдалануға болмайды.

344. Лампадаларды, шамдарды және ұқсас құралдарды толтыруға арналған жанғыш сұйықтықтар сыйымдылығы 2 литрден аспайтын, жабық, сынбайтын ыдыста металл шкафтарда сақталады.

345. Лампадалар мен шамдарға жанғыш сұйықтықтар құрылымында ернеулері көзделген, тұғырында жанбайтын материалдан жасалған сынбайтын ыдыстан құйылады. Лампадалар мен шамдарды толтырғаннан кейін сыйымдылықтың тұғыры мен сыртқы беті жанбайтын техникалық жуу құралдарымен төгіліп қалған жанғыш сұйықтықтардың қалдықтарынан тазартылады.

346. Лампадалар мен шамдарға жанғыш сұйықтықтарды толтырып құю тек тұтату көздері болмаған жағдайда, ал электрмен жылыту құралдары қосылып тұрғанда, олардан кемінде 1 метр қашықтықта жүзеге асырылады.

347. Ғибадат құрылыстарында от жұмыстарын жүргізуге (пеш

жағу, дәнекерлеу және от жұмыстарының басқа да түрлері), салттар мен ырымдарды жүргізу кезінде жанғыш сұйықтықтарды толтырып құюға болмайды.

348. Құлшылық жасайтын залдардың сыйымдылығы бір адамға арналған үй-жайдың ауданы және эвакуациялау жолдарының өткізу қабілеттілігі негізінде шектеледі.

349. Келушілердің қозғалысы мен олардың қарсы жүру легі бір-бірімен қиылыспайтындай етіп жүзеге асырылады.

20-тарау.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен уақытша ұстау изоляторларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

350. Қылмыстық-атқару жүйелері мекемелерінің аумағында өрт қалқандары жабдықталады:

- 1) кезекші бөлімнің қасындағы тұрғын аймақта сотталғандар үшін қол жетпейтін жерде не сотталғандардың кіруі шектелген орында;
- 2) әр өндірістік ғимараттағы өнеркәсіп аймағында;
- 3) қазандықта, шаруашылық ауласы аумағында;
- 4) айыппұл изоляторында (тәртіптік блокта);
- 5) көліктік бақылау-өткізу пунктінде (бақылау алаңында, шлюзде) жабдықталады.

Сотталғандар мен тергеуге қамауға алынған адамдарға қолжетімді орындарда өрт қалқандары балтамен, багормен, күрекпен, сүйменмен, ілмекпен, қайшымен, айырмен, шаншып-кесетін және шабатын заттармен жарақталмайды.

351. Сотталғандарды ұстауға арналған жатақханаларда, сотталғандардың еркін жүруіне болатын өндірістік және басқа үй-жайларда өрт крандары мен өрт сөндіргіштер заңсыз ашудан қорғалған шкафта жабдықталады (орнатылады). Қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі – ҚАЖ) камераларында және уақытша ұстау изоляторларында (бұдан әрі – УҰИ) бастапқы өрт сөндіру құралдары орнатылмайды.

352. ҚАЖ мекемелердің өндірістік, шаруашылық және тұрғын ай-

мақтарының қоршауы мен УҰИ қоршаулары өрт сөндіру автомобильдерінің өтуіне арналған қақпалармен жабдықталады.

353. ҚАЖ және УҰИ аумағында өртке қарсы сумен жабдықтау желілері немесе табиғи су көздері болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 21045 тіркелген) қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентіне (бұдан әрі – «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті) сәйкес сыртқы өртке қарсы сумен қамтамасыз етудің қажетті шығынына есептелген сыйымдылықпен өрт сөндіру су айдындарын орнатуды көздеу қажет. Объектіден 200 м радиуста табиғи немесе табиғи су көздері болған кезде оларға жылдың кез келген мезгілінде су жинау және өрт автомобилін орнату және су алу үшін кемінде 12х12 м көлемі бар қатты жабынды алаңқайы (пирс) бар кіреберіс орнатылуы керек.

354. Тұрғын және тәртіптік блоктарда, ұзақ уақытқа кездесу жайларында жарылыс қауіпті, өрт қауіпті заттар мен материалдар қолданылатын немесе сақталынатын өндірістік және қоймалық үй-жайлардың болуы көзделмейді.

355. Тұрғын және тәртіптік блоктарда діни салттарды өткізуге арналған үй-жайларды орналастыру кезінде кемінде екі эвакуациялық шығу жолдарымен жабдықтау қажет. Шам қойғыштар, шырақтар және ашық от қолданылатын жарықтандыру жабдығы жанбайтын беттерге орнатылады.

356. ҚАЖ мекемелерінің тергеуге қамалғандар мен сотталғандарды, УҰИ күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау камераларынан басқа, адамдар жаппай жиналатын ғимараттар мен үй-жайлардан эвакуациялық шығу жолдарының есіктері кілтсіз ішінен ашу мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет және сигналын кезекшілік бөлімге шығарып, есікті заңсыз ашқанда іске қосылатын күзет сигнализациясымен жабдықталады.

3-бөлім.

Өнеркәсіп кәсіпорындарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

357. Әрбір кәсіпорында технологиялық процестерде қолданылатын заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі көрсеткіштері туралы мәлімет болуы қажет, ал ғимараттар мен үй-жайлар үшін «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентіне сәйкес жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша санаттар белгіленеді.

Өрт қауіпсіздігі және жарылу қауіпсіздігі бар материалдармен жұмыс істеген кезде таңбалау және бумаларда немесе ілеспе құжаттарда көрсетілген ескертпе жазуларының талаптары сақталады.

358. Бір-бірімен өзара әрекеттескенде тұтану, жарылу немесе жанғыш және уытты газдар (қоспалар) пайда болатын заттар мен материалдарды бірге пайдалануға, сақтауға және тасымалдауға (егер технологиялық регламентте көзделмесе) жол берілмейді.

359. Жабдықты жоспарлы-алдын ала жөндеу мен профилактикалық тексеру дайындаушы-зауыттың нұсқаулықтарында көзделген белгіленген мерзімдерде, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі шараларын орындау кезінде жүргізіледі.

360. Сору құрылғыларының (шкафтардың, сырлау, кептіру камераларының), аппараттар мен құбыр өткізгіштерінің құрылымын таза-лау бойынша жұмыстар кәсіпорын басшысы бекіткен графикке сәйкес, өрт қауіпсіз әдістермен жүргізіледі.

361. Технологиялық жабдықта, құбыр жолдарында және басқа да жерлерде статикалық электрден қорғау жүйелерінің ұшқын сөндіргіштер, ұшқын тұтқыштар, от тоқтататын, отқа бөгет жасайтын, шаң мен металл тұтқыш және жарылысқа қарсы құрылғылары жұмыс жағдайында ұсталады.

362. Жабдықты, бұйымдар мен бөлшектерді жууға және майдан тазартуға жанбайтын техникалық жуу құралдары, сондай-ақ өрт жағынан қауіпсіз қондырғылар мен әдістер қолданылады.

363. Құбыр жолдарында қатып қалған мұнай өнімін, мұзды, кристалл гидратты және басқа да тығындарды жылыту қауіпсіз әді-

стермен (ыстық сумен, бумен), ашық отты қолданбай жүргізіледі.

364. Резервуарлардан (сыйымдылықтардан) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың үлгілерін алу және деңгейді өлшеу күндізгі уақытта, соққан кезде ұшқын шығуды болдырмайтын құралдармен жүргізіледі. Үлгілерді алу және деңгейді өлшеу бойынша операцияларды найзағай жарқылдап тұрған кезде, өнімді тартып ағызу және тартып шығару кезінде орындауға болмайды.

Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды резервуарларға (сыйымдылықтарға) «құламалы ағыспен» беруге, сондай-ақ резервуарды толтыру және босату жылдамдығы тыныс алу клапандарының (желдеткіш келтеқұбырларының) резервуарларында орнатылған жалпы өткізу қабілеттілігінен асуға жол берілмейді.

365. Шаң жинайтын камералар мен циклондардың есіктері мен люктері оларды пайдалану кезінде жабық күйде ұсталады, камералар мен циклондардан жиналған жанғыш қалдықтар уақтылы жойылады.

366. Өндірістік ғимараттарды, кәсіпорындардың аумақтарындағы қоймаларды тұру үшін пайдалануға, сондай-ақ қоймаларда өндірістік шеберханаларды орналастыруға жол берілмейді.

367. Жаяу жүру тоннельдері мен өту жолдарында қойма орнатуға, жабдықты, жанғыш материалдарды сақтауға, жанғыш материалдардан жасалған стендтер мен плакаттарды ілуге, сондай-ақ қуат кабельдерін, газ, қышқыл, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды тасымалдайтын құбыр жолдарын төсеуге жол берілмейді.

368. Цехтардағы өту жолдары мен өткелдердің шектері белгілеулермен белгіленеді.

369. Қоймалар мен өндірістік үй-жайлар арқылы транзитті электр желілері, сондай-ақ жанғыш газдарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар мен жанғыш шаңдарды тасымалдауға арналған құбырларды төсеуге жол берілмейді.

370. Жарылу қаупі бар учаскелерде, цехтар мен үй-жайларда ұшқын шығармайтын құрал-саймандар қолданылады.

371. Жанғыш шаңдар, жоңқалар шығатын үй-жайлардың қабырғалары, төбесі, едені, конструкциялары мен жабдығы жүйелі түрде, шанды құйындатуды және жарылыс қаупті шанды ауасы бар қоспаларды болдырмайтындай, технологиялық регламенттермен немесе

объектілік (цехтық) нұсқаулармен (жазбаша) белгіленген мерзімде жүйелі түрде тазартылып тұруы тиіс.

372. Өртке қарсы қабырғалар мен жабындардағы технологиялық ойықтар отқа бөгет жасайтын құрылғылармен қорғалады.

373. Жартылай өңделген өнімдерді ыдыссыз тасымалдауға арналған шахталы көтергіштердің жүктеу құрылғылары тек жүктеу кезінде ғана ашылатын бекітпелермен жабдықталады.

374. Өртке қарсы есіктердің өздігінен жабылуына арналған механизмдер жарамды күйде ұсталады. От бөгегіш құрылғылар жұмыс аяқталғаннан кейін жабылады.

375. Желілер мен адсорберлерде жарылыстың алдын алу клапандарының қорғау мембраналары тұрақты түрде жарамды жай-күйде ұсталады.

376. От тосқауылдағыштың, сондай-ақ мембрана клапандарының жарамдылығы жүйелі түрде тексеріліп, өрт сөндіруші саптамадан тазартылады. Тексеру мерзімі бекітілген цех нұсқауында көрсетіледі.

377. Белсендірілген көмірдің өздігінен тұтанып кетуіне мүмкіншілік бермеу үшін, адсорберлер тек стандартты, көрсетілген маркадағы белсендірілген көмірмен толтырылады.

378. Жанғыш сұйықтық қолданылатын гидравликалық жүйелерде бактағы май дәрежесіне бақылау орнатылады және жүйедегі май қысымын паспортта көзделгеннен арттыруға болмайды.

Гидравликалық жүйелерден май ағып жатқаны байқалса, дереу ағуды тоқтатады.

379. Ағаш кесетін рамаларды, фрезер-аралағыш және басқа да станоктар мен агрегаттарды пайдалану кезінде:

1) аралар қоршауларға тиіп тұрса;

2) тістері жетіспейтін немесе түзу емес және ірі қабыршақты араларды пайдалануға;

3) салқындату мен майлау жүйесі зақымданған болса;

4) салқындату мен майлау жүйесі зақымданған немесе салқындату жүйесіндегі қысым кезінде ағаш аралағыш рамаларды автоматты түрде тоқтатуды қамтамасыз ететін қондырғысыз болса;

5) ара рамасы қисайса және сырғытпалар нашарланса және дұрыс жеткізбесе;

б) мойынтіректің қызуы 70°C-тан асса, пайдалануға жол берілмейді.

380. Шикізатты турау машинасына жіберетін конвейерлер металл түсіп кеткен жағдайда, оларды автоматты түрде өшіретін және дыбыстық белгі беретін металл қаққыштармен жабдықталады.

381. Турағыш машинаның май құйғышын тазалау кезінде металл заттарды пайдалануға рұқсат берілмейді.

382. Өндеуге түсетін технологиялық жоңқа, сондай-ақ преске кірер жолға дейінгі жоңқа жасайтын кілем металл қаққыш арқылы өткізіледі.

383. Ағаштан жоңқа жасайтын плиталарға арналған тегістейтін станоктар алдында беруші құралмен бекітілген және сигнализациямен жабдықталған металл іздегіштер орнатылады.

384. Майдаланған ағаш бөліктерінің шанақтары және қалыпталған машиналар аспирация жүйесімен және олардың толғаны туралы хабарлайтын сигнал беретін датчиктермен жабдықталады.

385. Ыстықтай нығыздауға арналған нығыздағыштың тиеу және түсіру этажеркаларының үстінде сорып шығаратын шатыр жабдықталады, ол плиталарды қабыстыру және ажырату кезінде тозаң мен газдың бөлінуіне жол бермейді.

386. Барабанды кептіргіш пен құрғақ жаңқа шанақтары және аралар өрт сөндіру және жарылысқа қарсы құралдардың автоматты қондырғыларымен жабдықталады.

387. Шаң және жаңқа материалдарын тасымалдау жүйесі оттың таралуына жол бермейтін құралдармен және өртті жоюға арналған люктермен жабдықталады.

388. Аспирациялық және пневмокөліктік жүйелерден ағаш жаңқаларын және басқа да жарылу қаупі бар тозаңдарды жинауға арналған сыйымдылықтар жарамды күйдегі жарылысқа қарсы қондырғылармен қамтамасыз етіледі.

389. Плитаның термиялық өндеу камералары тәулігіне бір рет бөлініп шыққан ұшпа шайырдан, ағаш жаңқалардан, шандардан, қалдықтардан тазартылып тұрады. Ағаш жаңқалы плиталардың термиялық өндеу камераларынан жарылыс қауіпті газдарды шығару үшін сорғы құбырдың шиберін әр 15 минут сайын 2-3 минутқа ашуға ар-

налған автоматты қондырғы болуы тиіс.

Нығыздалмаған жұмсақ жиекті плиталарды термиялық өндеуге жол берілмейді.

390. Плиталар термоөндеуден кейін бунаққа төселер алдында өздігінен тұтануына жол бермеу үшін ашық буферлі алаңда қоршаған ауа температурасына дейін суытылады.

391. Өндеу камералары мен май ванналарындағы температура автоматты түрде бақыланады.

392. Жағу газдарын пайдаланатын кептіру барабандары ұшқын тұтқышпен жабдықталады.

393. Ағаш қабатты пластиктерді нығыздағаннан кейін технологиялық регламентте белгіленген уақыттан бұрын кесіп, бөліктерге бөлуге рұқсат етілмейді.

394. Жұмыс соңында сіндіру ванналары, сондай-ақ жанғыш сұйықтықтарды суытатын ванналар қақпақпен жабылады.

395. Сіндіру, шыңдау, жанғыш сұйықтықтары бар басқа да ванналар ғимараттан тыс жерде орналасқан жерасты сыйымдылықтарына құйылатын авариялық қондырғылармен жабдықталады.

Әр ванна жанғыш буды жергілікті сортаң сорғымен жабдықталады.

396. Мерзімді іске қосылатын кептіру камералары мен калориферлер әрбір тиеу алдында өндірістік қоқыстар мен шандардан тазартылады.

397. Ауа-бу және газ камераларының енгізу және сору каналдары өрт болған кезде арнайы жабылатын қалқандармен (сұқпа жапқыштармен) жабдықталады.

398. Газ кептіру камералары желдеткіш тоқтап қалған жағдайда, газдың жануын автоматты түрде тоқтататын жарамды қондырғылармен жабдықталады.

Газ кептіру камераларының алдына ұшқынның кептіру камераларына түсуіне жол бермейтін ұшқын қаққыш орнатылады.

Газ кептіру құрылғылары пештері көмейінің, ұшқын қаққыш құрылғылардың техникалық жай-күйі үнемі тексеріледі. Пеш көмейінің үстінде сызаты бар және жұмыс істемейтін ұшқын қаққышы бар кептіру қондырғыларын пайдалануға жол берілмейді.

399. Сұйық және қатты отынмен жұмыс істейтін газ кептіру камераларының отын-газ құрылғысы күйеден айына екі реттен тазартылады.

400. От жағу-кептіру бөлімі кептіру агентінің температурасын бақылауға арналған жарамды аспаптармен жабдықталады.

401. Ағаш талшықты жұмсақ плиталарға арналған кептіргіш камералары ағаш қалдықтарынан күніне бір рет тазартылады, конвейер 10 минуттан артық тоқтаған жағдайда, кептіру камерасын қыздыру тоқтатылады.

Кептіру камераларының камерада күйю пайда болған кезде калориферлер желдеткіштерін өшіретін және тұрақты өрт сөндіру құралдарын қосатын жабдығы болады. Шикізаттарға, жартылай дайын өнімдерге және сырланған дайын бұйымдарға арналған кептіру камералары (үй-жайлар, шкафтар) температура қалыпты мөлшерден көтерілген кезде қыздыруды өшіретін автоматпен жабдықталады.

402. Ағаштарды кептіру үшін жоғары жиіліктегі токпен қатарлап орналастыру кезінде онда металдан жасалған заттың болуына жол берілмейді.

403. Кептіру камераларына адамдардың кіруіне және арнайы жұмыс киімін кептіруге рұқсат етілмейді.

404. Мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған автоцистерналар күйю эстакадасының жерге тұйықтау контурына қосуға арналған жерге тұйықтау қондырғыларымен жабдықталады; автоцистерналардың пайдаланылған құбыры ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады және қозғалтқыш немесе радиатор астынан алға қарай шығарылады. Автоцистерналардың жерге ұзына бойы 100-200 мм тиетін отырғызу шынжыры болуы керек, екі өрт сөндіргішпен, киізбен, құрғақ құммен және күрекпен жабдықталады.

2-тарау.

Агломерациялық өндіріс және металдандырылған шекемтас-тар өндірісі объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

405. Сөндірілмеген әк отқа төзімділігі II дәрежеден төмен емес, едені жердің үстіңгі қабатынан кемінде 0,5 метр көтерілген арнайы

үй-жайларда сақталады.

406. Металдандырылған шекемтас-тарды сақтау орындары ылғалдың түсуінен сенімді қорғалады.

407. Сапа талаптарын қанағаттандыратын металдандырылған шекемтас-тар құрғақ инертті газ беру жүйесімен жабдықталған бункерден түсіріледі. Бункердегі артық қысым кемінде 200 Паскаль (су бағанының 20 миллиметр) болуы қажет.

408. Температурасы 100° С асатын шекемтас-тар арнайы қондырғымен алаңға лақтырылады, бұл ретте таспаға су беру қажет.

409. Алаңға лақтырылған шекемтас-тар жүк тиеушілердің көмегімен 0,5 метрден аспайтын қатпар етіп жиналады және су молынан құйылады.

410. Мыналарға:

1) сөндірілмеген әкті дымқыл үй-жайларда ылғалды және жанғыш материалдармен бірге сақтауға;

2) қайнаған әкті бөлу үшін суды пайдалануға;

3) температурасы 100°С асатын (бақылауды әкімшілік жүзеге асырады) ыстық агломератты беруге;

4) тез жанатын (резеңке битумы, синтетикалық) материалдардан жасалған көлік таспаларын қолдануға;

5) дымқыл түйіртпектерді қоймаға тасымалдауға;

6) металдандырылған тозаңның 5 миллиметрден артық болып көліктің галереясында, түйіртпектерді елеу, ұсақтау, тиеу және түсіру орындарда жиналып қалуына жол берілмейді.

3-тарау.

Домна, болат балқытатын, электрмен болат балқытатын және ферроқорытпа өндірісі объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

411. Өндіріс басшысы домна, болат балқытатын пештерді, конвертерлерді, миксерлерді, шөміштерді және балқытылған металдарға арналған басқа сыйымдылықтарды ішінен қаптаудың ақаусыздығын тексереді.

412. Шойынды, шлакты шығару және болатты, ферроқорытпа-

ларды құю кезінде шөміштерді, металл қалыптарды және суы немесе ылғал материалдары бар басқа сыйымдылықтарды пайдалануға жол берілмейді. Құю орындары технологиялық регламентте көзделмеген жанғыш материалдардан босатылады.

413. Құю машиналарын, бір жерге жинаушы машиналарының кабиналарын басқару пульттері, болатты үздіксіз құюды басқару бекеттері және балқытылған металл мен шлакты шығаратын жерлерге тікелей жақын орналасқан басқа да басқару пульттері металл тормен қорғалған, жылу тартатын әйнекпен шыныланған және кемінде екі шығу жолы бар жанбайтын материалдан жасалады.

414. Кабельді туннельдерге, құю орнына тікелей жақын орналасқан май жертөлелеріне, сондай-ақ балқытылған металдарды тасымалдау орындарына кіретін жерлер балқытылған металдан биіктігі кемінде 300 миллиметр жанғыш емес табалдырықтармен қорғалады.

415. Электр механизмдердің, электр жабдықтардың және гидрожетектер қондырғыларының кабельдері металды, шлакты құю орындарында және температурасы жоғары аймақтарда механикалық зақымданулардан, сәулелі жылудан, сондай-ақ оларға балқытылған металл мен шлактың шашырап кетуінен қорғалады.

4-тарау.

Домна өндірісі объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

416. Колошник алаңы мен зерттеу жұмыстарына арналған алаң екі шығу жолымен қамтамасыз етіледі.

417. Конусаралық кеңістікке бу немесе инертті газды беру буды (инертті газды) бермегенде тиеу механизмдері жұмыс істемейтіндей етіп тиеу қондырғысымен бұғатталады.

418. Домна пештері қаптаманың температурасын пештің барлық биіктігі мен алаңына бақылау аспаптарымен жабдықталады. Тетіктердің көрсеткіштері аспаптармен пешті басқару пультінде белгіленеді.

419. Өндірістің материалдары мен қалдықтарын домна пештерінің іргетастарына жинауға жол берілмейді. Іргетастар жүйелі түрде қоқы-

стан тазаланады.

420. Күйіп кетпеуін бақылау үшін ауа фурмалары сигнал беретін қондырғылармен жабдықталады. Күйіп кеткен фурмалық аспаптарда жұмыс істеуге жол берілмейді.

421. Күйіп кеткен тоназытқыштары бар орындардағы пештердің қаптамасы сыртынан сумен салқындалады.

422. Домна пештері мен қосалқы қондырғыларды салқындату жүйелерінің жай-күйі соңынан арнайы журналға тексерулердің қорытындылары жазыла отырып, ай сайын тексеріледі.

423. Бункердің жоғарғы бөлігінің тас көмір тозаңы отынының температурасы өздігінен жазатын және бункерде өздігінен жану кезінде дыбыстық және жарық сигналдарын беретін бақылау-өлшеу аспаптарымен бақыланады.

424. Тоzaң өткізгіштердің конструкциясы мен тозаң-көмір аэроқоспасы қозғалысының жылдамдығы оларда тозаңның жиналу мүмкіндігін бодырмауы тиіс. Қондырғының тозаң өткізгіштерінің жүйесі герметикаланған күйде ұсталады.

425. Аппаратурада реттейтін арматура кесіліп және ілініп ақаулы болғанда және бақылау-өлшеу аспаптары ақаулы болған кезде тозаңы көрінетін отынды және мазутты домна пешіне үрлеуге жол берілмейді.

426. Пештің жұмыс алаңында тас көмір тозаңы аэроқоспасының және мазуттың коллекторларының орналасуына, сондай-ақ бекітілетін және реттейтін арматураны фурмаларға, омарта тесігіне және омарта тесіктерінің артына орнатуға жол берілмейді.

427. Құятын алаңдардың шатыры мен қалқалары жүйелі түрде шаңнан тазартылады.

428. Локомотивтерді шаң тұтқыштардың астында және тозаңды жою кезінде жақын тоқтатуға жол берілмейді.

5-тарау.

Болат балқыту өндірісі объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

429. Болат балқыту өндірісі объектілерінің мартенов пеші ваннасының жай-күйін үнемі қадағалау жүргізіледі. Металдың ықтимал

тесіліп қалуының белгілері байқалған жағдайда, оның ағып кетуінің алдын алу бойынша шаралар қабылданады.

430. Балқытылған металл және шлақтың түсуі мүмкін орындарда жабдықты сақтауға және материалдарды (оның ішінде жанғыш) жинауға жол берілмейді.

431. Мазуты бар шығыс бактарды пештердің астына қоюға жол берілмейді, бактар пештерден кемінде 5 метр қашықтықта орналасады және арнайы жылылықты өткізбейтін экрандармен қорғалады.

432. Өрт болған жағдайда, мазутты түсіру үшін шығыс бактар авариялық сыйымдылықтары бар жабық түсіру және құю құбырларымен біріктіріледі.

433. Мазут өткізгішті цехқа енгізгенде қызмет көрсету үшін қолайлы орынға сөндіретін ысырма орнатылады.

434. Гидравликалық жетегі бар конвертердің айналу механизмдерін қолдануға жол берілмейді.

435. Салқындатқышта конвертерлік газдар шығып тұрған кезде конвертердің жұмыс істеуге және балқытылған металы бар конвертердің қаптамасындағы қызған жерлерді сумен салқындатуға жол берілмейді.

436. Құрғатуға болат балқытқыш пештерді, конвертерлерді, миксерлерді қойған кезде газды тұтату үшін тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдалануға жол берілмейді.

437. Кристаллизаторы ақаулы дайын өнімдерді үздіксіз құю машинасында және құю технологиясы бұзылған кезде болатты құюға жол берілмейді.

438. Өрт, жарылыс қаупі бар материалдар мен қоспаларды сақтау, дайындау және жасау орындарында олардың негізінде ашық отты қолдануға жол берілмейді.

439. Жарылыс қаупі бар материалдарды құрғақ ұнтақтау қорғалған атмосферада ұнтақтау құралдары автоматты тоқтаған және оттегінің ең аз жарылыс қауіптілігін ұстаудың 50 %-ға тең жұмыс концентрациясына жеткен кезде жүргізіледі.

Жарылыс қаупі бар аэроөлшемдердің пайда болуын болдырмас үшін өрт-жарылыс қаупі бар материалдардың негізінде қоспаны дайындау флегматизацияны немесе қорғалған органы пайдалана отырып

жүзеге асырылады.

440. Алюминий-магний, алюминий-барий және алюминий ұнтақтарын селитрамен, қышқылдармен, сілтілермен және басқа тоқтығырғыштармен, сондай-ақ жанғыш материалдармен бірге тасымалдауға және сақтауға жол берілмейді.

441. Өрт, жарылыс қаупі бар ұнтақтарды сұйық металға үрлеу жанғыш ұнтақтардың газ өткізгіштерге түсуін болдырмайтын жағдайларда ғана жүргізіледі.

442. Бункерді тез тұтанатын шихта материалдармен шихта крандардың троллеяларының астына орналастыруға жол берілмейді.

443. Металл қалыптарды майлау олар қолданылатын майлау материалын тұтану температурасынан төмен температураға дейін салқындағанынан кейін ғана жүргізіледі.

6-тарау.

Электрмен болат балқытатын және ферроқорытпа өндірісі объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

444. Тозанды тазалаудың мерзімділігін кәсіпорын басшысы айқындайды. Қысқа желінің ток өткізгіштерінде тозаңның жиналып қалуына жол берілмейді.

445. Өрттердің алдын алу үшін пеш трансформаторларын пайдалану кезіне:

1) температуралық және салмақтық режим, кернеу деңгейі сақталады;

2) салқындату, кернеуді, майды қорғауды реттеу кондырғылары ақаусыз күйде ұсталады.

446. Пеш трансформаторлары өрт сөндіру құралдарымен және трансформаторда майдың толық көлеміне есептелген авариялық май қабылдағыштармен қамтамасыз етіледі.

447. Трансформаторларды кептіру негізгі үй-жайдан (камерадан) арнайы бөлінген, бөлек сыртқа шығатын есігі бар үй-жайларда жүргізіледі.

448. Индукциялы және доғалы вакуум пештер, сондай-ақ электронды-сәулелік пештердің қорытпа камералары жарылыстан сақтандыратын қақпақшалармен жабдықталады.

Сақтандырғыш клапандардың констукциясы олардың қауіпсіз және сенімді жұмысын қамтамасыз етеді.

449. Тез тұтанатын конденсаты бар вакуумды камераларға тексеру, жөндеу, шаңнан ауаны тазалау мақсатымен беру кәсіпорын басшысы бекіткен құжаттамамен регламенттеледі.

450. Тез тұтанатын конденсатты қорытпа камералардың қабырғасынан алып тастау қауіпсіз тәсілмен жүргізіледі.

Тез тұтанатын конденсатты толықтай жойғанға дейін қызмет етуші персоналдың вакуумды камераның ішіне жөндеу жұмыстарын жүргізу, камераны тексеру мақсатымен кіруіне жол берілмейді.

451. Газ бен тозаңның тұтануын, жарылысын болдырмайтын қондырғылармен жабдықталмаған электр болат қорытпа және кенді қалпына келтіру пештерінен газ тозаңын бұру жүйелерін пайдалануға жол берілмейді.

452. Сұйық алюминийді бүрку бункерлері, камералары бүрку процесінде ыстық ұнтақтың конвейерлік таспаға түсуін болдырмайтын қақпақтармен жабдықталады.

453. Жабдық жұмыс істеп тұрған кезде алюминий ұнтағын өндіретін үй-жайларда ұшқынның пайда болу мүмкіндігі жоққа шығарылады. Аталған үй-жайлардағы едендер ұру, үйкелеу кезінде ұшқын тудырмайтын материалдардан жасалады.

454. Алюминий ұнтағымен жұмыс істеу кезінде ағаштан немесе ұшқын тудырмайтын түсті металдардан немесе ағаштан жасалған құралдар мен ыдыстар қолданылады.

455. Алюминий ұнтағының қышқылдануын, өздігінен жануын және жарылуын болдырмас үшін оны өндіру және сақтау орындарында ылғал мен дымқылдың болуына жол берілмейді.

456. Алюминийден, магнийден және олардың негізіндегі қорытпалардан жасалған ұнтақтар мен опаларды өндіруге арналған үй-жайларда жертөлелерді, жертөле арналары мен ойықтарды орнатуға жол берілмейді.

457. Жанғыш ұнтақтар мен опаларды өндіруге арналған үй-жай-

лардың технологиялық жабдықтары, сондай-ақ құбырлары статикалық электрден қорғалады.

458. Алюминий-барий және алюминий ұнтақтарын селитрамен, қышқылдармен, сілтілермен, тотықтырғыштар және жанғыш заттармен бірге сақтауға және тасымалдауға жол берілмейді.

459. Тез тұтанатын материалдар немесе тез жануға бейім материалдар (магний жоңқасы және магний қорытпалары, селитра, бертолет тұзы, термит қоспасы) металл термиялық цехтардың балқыту корпустарында арнайы бөлінген орындарда екі тәуліктік қажеттіліктен аспайтын мөлшерде жабық металл ыдыста (банкарларда, бөшкелерде) сақталады. Кәсіпорында осы материалдарды ұзақ сақтау бөлек қоймаларда ұйымдастырылады.

460. Балқытылған металл және шлак шығарындысы бар қорытпаны жүргізуге жол берілмейді. Балқытылған металл шығарылған кезде қорытпаның қызған өнімдерінің түсу аймағын шектеу бойынша шаралар қабылдау қажет. Осы аймақта материалдарды сақтауға жол берілмейді.

461. Тозаңы пирофорлық қасиеттерге ие және асылып тұрған күйде жарылыс қауіпті және өрт қауіпті болып табылатын ферроқорытпаларды ұсақтау кезінде ұсақтау агрегаттарынан тозаңды жою бойынша, сондай-ақ одан агрегаттар мен аспирациялық қондырғыларды уақытында және жүйелі тазалау бойынша шаралар қабылданады.

462. Инертті газ ортасын немесе инертті қоспаларды қолданбай жарылыс қауіпі бар ферроқорытпаларды ұнтақтауға жол берілмейді. Жарылыс қауіпі бар ұнтақтар пайдаланылатын технологиялық процестерде (ұнтақтау, тасымалдау) жылу, ұшқынды немесе механикалық әсер ету нәтижесінде жарылыстың пайда болуына жол бермейтін жабдық қолданылады.

463. Сумен өзара әрекеттесуі кезінде жарылыс қауіпі бар газ бөліп шығаратын силикокальций, ферросилиций және басқа жанғыш қатты материалдарды газдардың шығуы үшін жоғарғы қақпағында тесігі бар құрғақ және таза темір барабандарға салу қажет. Осы тесіктер дымқылдың түсуінен қорғалады.

464. Ұнтақталған жарылыс қауіпі бар компоненттерді құбыржол көлігінің пневмо-түрлерімен тасымалдау инертті газдар ортасында

жүргізіледі.

465. Өздігінен тұтанатын материалдарды сақтауға арналған бункерлер осы материалдардың температурасын бақылауға арналған қондырғылармен жабдықталады, олардың жұмысы өрт сөндіру құралдарын іске қосумен ұштасқан.

466. Сумен өзара әрекеттесуі кезінде жарылыс қаупі бар газдарды бөлуге бейім дымқыл феррокорытпаларды ұнтақтауға, сондай-ақ осындай феррокорытпалардың дымқыл ұнтақтарын тасымалдауға және сақтауға жол берілмейді.

467. Тозаң тұндыратын камералар және түтік сүзгілері мерзімді түрде тозаңнан тазартылады.

7-тарау.

Прокат, құбыр прокаты және метиздеу өндірісінің объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

468. Басқару және орталықтан майлау жүйелерінің май құбырлары жанбайтын материалдардан жасалады.

469. Гидрожетектің жүйелері май құбыры үзілген кезде қысым ысырмаларын автоматты жауып тастауға арналған қондырғымен жабдықталады.

470. Майлау және гидравлика жүйелерін пайдалану кезінде майдың ағып кетуіне жол берілмейді. Майланған орындар ай сайын үгінді, шүберектердің көмегімен тазартылады.

471. Жүйені майлау үшін өсімдік майларын және жануарлар майларын пайдалану кезінде осы өнімдермен шыланған тоқыма немесе талшықты материалдардың өздігінен жануын болдырмау шаралары қабылданады.

472. Май шаруашылығын пайдалану кезінде ашық оттың кез келген көзін пайдалануға, май жертөлелерінде және жақын маңда май толтырылған жабдықтың ұшқын шығаруына жол берілмейді.

473. Май жертөлелері мен кабельді туннельдер оларға жұмыс алаңдарынан қабыршақтар, ұшқындар және тұтанудың басқа көздерінің түсуін болдырмау үшін жауып ұсталады.

474. Туннельдер мен май жертөлелерінің желдететін құрылғыла-

рының өрт болған жағдайда автоматты сөнуі қамтамасыз етіледі.

475. Ішпек тораптарын қайта іске қосуға арналған ванналар, сондай-ақ мазутты жұмсауға арналған бактар өрт болған жағдайда жанғыш сұйықтықтарды құюға арналған, цех ғимаратынан тысқары орналасатын авариялық ыдыстармен қамтамасыз етіледі.

476. Қорғаныш жарылыс қаупі бар газдарды қолданатын учаскелерде жарылыс қаупі бар концентрациялардың құрылуын болғызбайтын технологиялық автоматика ақаусыз күйде ұсталады.

477. Автоматика қолмен іске қосу ысырмасын белгілеу арқылы инертті газды жіберу құрылғысын қайталайды.

478. Қорғаныш ортаның қысымы түскен кезде қорғаныш газындағы термиялық өңдеу қондырғыларының жұмыс істеуіне жол берілмейді.

479. Улайтын бөлімшелерінде, сутегі бөлетін учаскелерде электр жабдығы мен желдету жүйелері ЭҚОЕ сәйкес жарылыстан қорғалып жасалады.

480. Металды термиялық өңдеу (таспаны үздіксіз күйдіру) кезінде қорғаныш газы жоқ ерітілген натрийі бар ваннаны пайдалануға жол берілмейді. Судың немесе дымқыл материалдардың натрийі бар ваннаға тиіп кетуіне жол берілмейді.

481. Кесу аймағында салқындататын эмульсияны қолданғанда титан және оның қорытпаларынан жасалған станоктардағы құбырларды өңдеуге (кесуге) болады.

482. Жұмыс орындарында титан және оның қоспаларының үгінділерін, жаңқаларын және басқа қалдықтарын сақтауға жол берілмейді. «Титан қалдықтары» деген жазуы бар контейнерлер желдеткіші үздіксіз қолданыстағы арнайы окшауланған құрғақ үй-жайда сақталады. Осы үй-жайда жанғыш сұйықтықтарды, химикаттарды және басқа материалдарды сақтауға жол берілмейді.

483. Жабыны бар метиз бұйымдарды коррозияға қарсы жабынның өздігінен тұтанатын температурадан асатындай температураға дейін қыздыруға жол берілмейді.

8-тарау.**Отқа төзімді өндіріс объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі**

484. Су моншасында қоспаны қыздыру және керосинде парафинді, стеаринді еріту жүзеге асырылады. Осы мақсаттар үшін ашық отты, ашық электр спиральдерін немесе басқа температурасы 100°C жоғары үстіңгі қабаттарды қолдануға жол берілмейді.

485. Керосин-стеоринді қоспаларды дайындау және қолдану учаскелерінде өрт сөндіргіштер болмағанда жұмыс істеуге жол берілмейді.

486. Керосин-стеоринді қоспалардың төгілуіне жол бермеу және бұйымдарды қосымша жаншу кезінде жұмыс орындарында керосин-стеоринді қоспалар қалдықтарының жиналып қалуына жол берілмейді.

487. Жанғыш (жарылыс қауіпті) газдарды отын және қалпына келтіру ортасы ретінде қолдануға жол берілмейді.

9-тарау.**Бояуға, шаюға, майсыздандыруға және жууға арналған цехтарды, учаскелерді, қондырғыларды ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі**

488. Бөлшектерді жуу, сондай-ақ нитро негіздегі жабындарды, бензинді және басқа тез тұтанатын сұйықтықтарды қолдана отырып бояу, лактау бөлек үй-жайларда жүргізіледі және өрт сөндірудің тиісті құралдарымен және эвакуациялау жолдары көрсеткіштерімен жабдықталған оңаша өндірістік учаскелерде жүргізіледі.

498. Бояу цехтарының (учаскелерінің) бояу дайындайтын бөлімшелері бөлек сыртқа шығу жолымен қамтамасыз етіледі.

490. Лак-бояу дайындау, бояу және бензинмен жуу жұмыстары жүргізілетін үй-жайлардың едендері соққан кезінде ұшқын шығармайтын, жанбайтын материалдардан жасалады.

491. Кемінде екі метр биіктіктегі үй-жайлар қабырғаларының ішкі қабаты ластанудан оңай тазаланатын, жанбайтын материалмен өңде-

леді.

492. Цехтардың, учаскелердің, қондырғылардың барлық есіктері сыртқа немесе ғимараттан жақын шығатын жаққа ашылады.

493. Бояу жұмыстары, бөлшектерді шаю бояйтын шкафтар, ванналар, камералар мен кабиналардан жергілікті сорғыштары бар қолданыстағы ағынды және сорып шығаратын желдеткіштері болған кезде ғана жүргізілуі қажет. Қондырғылардың жұмысы, сондай-ақ нитро негіздегі жабындарды, бензинді және басқа тез тұтанатын сұйықтықтарды қолдана отырып бояу, шаю, лактау, жуу және майсыздандыру операциясына беру жүйесі желдету жүйесімен бұғатталады.

494. Бояу шкафтарын, камераларын және кабиналарының сорып шығаратын желдеткішін суландырғыштарсыз (гидравликалық сүзгілер) немесе жанғыш бояулар мен лактардың бөлшектерін тұтып алуға арналған басқа тиімді қондырғыларсыз пайдалануға рұқсат етілмейді.

495. Бояудың және бояу дайындайтын бөлімшелердің (бояу және кептіру камералары) жабдықтары жанбайтын материалдардан жасалады. Тез тұтанатын сұйықтықтарды қолдана отырып, бұйымдарды бояу, лактау, эмальдау, жуу, майсыздандыруға арналған учаскелердегі электр жабдығы ЭҚОҚ сәйкес жарылыстан қорғалған болып жасалады.

496. Лактау-бояу материалдары жұмыс істейтін ыдысқа ернеулері бар түсті металдардан жасалған металл тұғырларға құйылуы тиіс.

497. Бояу жабдықтары жанғыш шөгінділерден күн сайын желдеткіш істеп тұрған кезде ауысым аяқталғаннан кейін тазартылады.

498. Камераларды бояулар мен лактардың шөгінділерінен тазалауды жеңілдету үшін олардың қабырғаларына техникалық вазелин, солидол немесе арнайы құрам жұқалап жағылады. Беткі қабаттарын нитро бояулардың шөгінділерінен тазалау кезінде металл құрылымдар туралы соққыларға жол беруге, сондай-ақ түсті металдан дайындалмаған қыстырғыштарды қолдануға болмайды.

499. Отты кабиналар мен ауа арналарындағы бояулардың шөгінділерін күйдіру үшін қолдануға жол берілмейді.

500. Өрт қауіптілігінің көрсеткіштері анықталмаған лактау-бояу материалдарын, еріткіштерді, жуатын және майсыздандыратын

сұйықтықтарды қолдануға жол берілмейді. Осы материалдар тиісті талдау дан, олардың өрт қауіптілік қасиеттері анықталғаннан және қауіпсіз пайдалануға арналған шаралар әзірленгеннен кейін пайдаланылады.

501. Бұйымдар мен бөлшектер жуу және майсыздандыру үшін жанбайтын құрамдар, пасталар, еріткіштер және басқа өрт тұрғысынан қауіпсіз техникалық жуу құралдары қолданылады.

502. Біліктерді көтермелерден алғаннан кейін оларды лайдан тазарту механикаландырылған жабық камерада жүзеге асырылады.

503. Жарылысты болдырмау үшін сілтілі ваннаның бетіне көмірдің, күйенің, майлау материалдарының түсуіне жол берілмейді.

504. Каустикалық соданы, селитраны, саптамаларды сақтау арнайы жабдықталған үй-жайда көзделеді.

505. Қышқылдарды сақтау орындарында абайсызда төгіліп кеткен қышқылдарды бейтараптандыру үшін бордың, әктің немесе соданың дайын ерітінділері көзделеді.

506. Бояу цехтарында, бояу дайындайтын бөлімдерде, лактау-бояу материалдарының қоймаларында, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдана отырып, бөлшектерді жуу және майсыздандыру орындарында ашық отты қолданумен және ұшқын шығарумен (электрлік дәнекерлеу, ұштау) байланысты жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ ұшқын шығаратын материалдардан жасалған құралды пайдалануға жол берілмейді.

507. Лак және бояу шығару материалдары жұмыс орындарына дайын күйінде жеткізілуі тиіс. Лактар мен бояулардың барлық түрлерін құрастыру және араластыру барлық өртке қарсы талаптарды қанағаттандыратын арнайы бөлінген оңаша үй-жайда немесе ашық алаңда жүргізіледі.

508. Бұйымдарды нитроцеллюлозды, полиэфирлі және перхлорвинилді эмальдармен электрлік бояу кезінде электрлік бояу камерасы ұшқын шығармайтын қондырғылармен жабдықталады.

509. Электр статикалық өрісті бояу камераларында сорғы желдеткіштер сөндірілген кезде электр статикалық өрісті тудыратын қондырғыдан кернеу автоматты түрде алынады.

510. Еденге төгілген лак және бояу шығару материалдары мен

еріткіштер дереу тазаланады. Едендерді, қабырғалар мен жабдықтарды жанғыш еріткіштермен жууға жол берілмейді.

511. Технологиялық жағдайлары бойынша және үлкен габаритті болғандықтан боялған бұйымдарды кептіруді сорғы камераларда немесе шкафтарда орындауға болмайды, ол желдеткішпен және автоматты өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған учаскеде ұйымдас-тырылады.

512. Лак және бояу шығару материалдарының ыдысы тығыз жабылады және ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 20 метр қашықтықта орналасқан арнайы алаңдарда сақталады.

513. Май жағылғаннан кейін құбырлар мен басқа бұйымдарды жинауға арналған сөрелер соңынан оны айдап ала отырып, ағызып және бұрып жіберуге арналған қондырғылармен жабдықталады.

4-бөлім.

Мұнай өнімдерін қамтамасыз ету кәсіпорындарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау.

Жалпы ережелер

514. Мұнай базаларының, құю және айдау станцияларының аумақтары биіктігі кемінде 2,0 метр жанбайтын материалдан жасалған үрленетін қоршаулармен қоршалады.

515. Резервуарлардың топырақ үйілген жерлеріне ағаштар мен бұталарды отырғызуға жол берілмейді.

516. Объектінің аумағында от жағуға, қоқыс, қалдықтарды өртеуге, факел, керосин фонарьларын және басқа да ашық от көздерін пайдалануға жол берілмейді.

517. Объектінің аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүруі бекітілген қозғалыс схемасына сәйкес жүзеге асырылады.

518. Технологиялық процесс техникалық және пайдалану құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады, ал өрт және жарылыс қауіпті заттар мен материалдарды пайдалануға арналған жабдық дайындаушы-зауыттың техникалық құжаттамасына сәйкес қамтамасыз етіледі.

519. Мұнай базалары мен мұнай және мұнай өнімдерін айдау

станциялары осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз тізбесіне сәйкес бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі. Өрт сөндіру құралдарының техникалық жай-күйіне тұрақты бақылау орнатылады.

520. Жарылыс-өрт қауіпті аймақтардағы жүргізілетін жұмыстар ұшқын болдырмайтын құрал-сайманмен орындалады. Мұздалған кілттер мен құрал-саймандарды пайдалану кезінде жабынның бақылануы және оның уақтылы қалпына келтірілуі қамтамасыз етіледі.

521. Статикалық электр зарядтарының пайда болуын болдырмау үшін соққан кезде ұшқын шығармайтын материалдардан жасалған және жерге тұйықтау өткізгішімен жабдықталған үлгі іріктегіштер қолданылады. Жерге тұйықтау өткізгіштері резервуардың төбесіндегі жерге тұйықтау қысқыштарына жалғанады.

522. Резервуарлардың понтондарын пайдаланған кезде понтонды статикалық электрден қорғауға арналған иілмелі шағын бөгеттердің (ток қайтарғыштардың) дұрыс жағдайда болуы қамтамасыз етіледі.

523. Резервуарда жіктердегі немесе корпусның негізгі металында немесе шөгу берген, герметикалығы жоқ түпте жарықтар пайда болған кезде оны босату және тазарту жүргізіледі. Мұнай өнімдері толтырылған резервуардағы жарықтарды жою бойынша отпен жүргізілетін және механикалық жұмыстарға жол берілмейді.

2-тарау.

Резервуарларды өздігінен тұтанатын пирофорлы шөгінділерден тазарту кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

524. Резервуарлардың ішкі бетін пирофорлы шөгінділер мен коррозия өнімдерінен тазарту объектінің басшысы бекіткен графикке сәйкес жүргізіледі.

525. Резервуарды пирофорлы шөгінділерден тазарту (мұнай өнімдерінен босатқаннан кейін) және жөндеу алдында ауа кеңістігі су буымен толтырылуы тиіс. Бүмен үрлеуді төменгі люк жабық және жарық, өлшегіш люктері ашық болғанда жүргізу керек.

526. Резервуарды тазартқанда ішінен шыққан лас заттар және шөгінділер мұнай өнімдерін сақтау аймағынан шығарылғанша дымқыл күйінде ұсталады.

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ

-И-

Инженерлік инфрақұрылым - адамдардың тіршілік етуі, сондай-ақ өндірістің немесе тауарлар мен көрсетілетін қызмет айналымының тұрақты жұмыс істеуі үшін қалыпты жағдай туғызатын кәсіпорындардың (ұйымдардың), объектілердің (ғимараттар мен құрылыстардың), инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету коммуникацияларының және желілерінің жиынтығы;

Интернет-трафик – белгілі бір уақыт кезеңінде Интернетке жалғау арқылы берілетін және қабылданатын ақпараттың көлемі;

Инфекциялық және паразиттік аурулар - пайда болуы мен таралуы мекендеу ортасы биологиялық факторларының адамға әсер етуінен және аурудың ауырған адамнан, жануардан сау адамға берілу мүмкіндігінен болатын адам аурулары;

Инфекциялық ауру қоздырғышының резервуары - патогенді микроорганизмдердің биологиялық иелері, сапроноздар үшін - қоршаған орта объектілері (топырақ, су);

Инфекция таратушылар - табиғатта ауру қоздырғыштарының резервуары болып табылатын жылы қанды жануарлар (кеміргіштер және басқа да ұсақ сүтқоректілер, құстар);

Инфекция тасымалдаушылар - инфекция қоздырғышы берілуінің трансмиссивті тетігін айқындайтын, буынаяқтылар, қансорғыш жәндіктер мен кенелер;

Инсектоакарицидті қасиет - құралдың (препараттың) жәндіктер мен кенелерді жоятын қабілеті;

Импregnация - қансорғыш жәндіктер мен кенелердің адамға түсуін болдырмау мақсатында сыртқы киімді инсектицидтермен немесе репелленттермен өңдеу;

Йод тапшылығы ауруы - организмге йодтың жеткіліксіз түсуімен және онда жеткіліксіз қорытылуымен байланысты қалқанша без функциясының бұзылуынан болатын организмнің патологиялық процесі;

Иондаушы сәулелену көзі – радиоактивті заттар, радиоактивті заттары бар аппараттар немесе құрылғы, сонымен қатар иондаушы сәуле шығаратын немесе иондаушы сәуле шығаруға қабілетті электрлі-физикалық аппараттар немесе құрылғы;

Иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу – иондаушы сәулелену көздерін дайындаумен, жеткізумен, алумен, иеленумен, сақтаумен, пайдаланумен, берумен, қайта өңдеумен немесе көмумен, импорттаумен, экспорттаумен, тасымалдаумен, техникалық қызмет көрсетумен байланысты қызмет;

Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын құрылғы (көз) – иондаушы сәулелену зарядталған бөлшектер жылдамдығының өзгеруі, олардың аннигиляциясы немесе ядролық реакциясы есебінен туындайтын электрлі-физикалық құрылғы (рентген аппараты, жылдамдатқыш, генератор және басқалар);

Иондаушы сәулеленудің ашық көзі – оны пайдалану кезінде оның құрамындағы радионуклидтердің қоршаған ортаға түсуі ықтимал сәулелену көзі;

Иондаушы сәулеленудің жабық көзі – бұл құрылғысы оған есептелген қолдану және тозу жағдайларында оның құрамындағы радионуклидтердің қоршаған ортаға түсуін болдырмайтын сәулелену көзі;

Иондаушы сәулелендіру - ортамен өзара әрекет кезінде түрлі белгілердегі иондар түзетін, зарядталған, зарядталмаған бөлшектер мен фотондардан тұратын сәулелендіру;

Икемді байлам (тіркеуші-арқан) - газ түтіннен қорғаушылардың газ түтіннен қорғау қызметі (бұдан әрі - ГТҚҚ) буынының құрамында олардың тыныс алуға жарамсыз ортада болған барлық кезеңінде арасын қосуға арналған құрылғы;

- К -

Кадмий цианидi – ақ түсті күшті әсерлі улы зат, ауада өзгермейді. 2% суда ериді. Қышқылдармен әрекеттескенде синильді қышқыл бөлінеді. 0,2 г. адам ағзасына өте қауіпті. Медицинада дәрі ретінде медициналық құралдарды тазалау үшін қолданылады;

Канцерогендер - қатерлі ісік ауруларын тудыратын немесе олардың пайда болуына ықтимал ететін химиялық заттар немесе факторлар;

Карантин - эпизоотия ошағын жою және аурудың таралуына жол бермеу мақсатында эпизоотия ошағы, қолайсыз пункт пен ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қолайлы аумақ арасындағы шаруашылық байланыстарды шектеуге немесе тоқтатуға және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды (орнын ауыстыруды) тоқтата тұруға бағытталған ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шаралар жүйесін көздейтін құқықтық режим;

Карантинге жатқызылған өнім (*карантинге жатқызылған жүктер, карантинге жатқызылған материалдар, карантинге жатқызылған тауарлар*) - карантинді объектілерді тасығыштар болуы және (немесе) олардың таралуына әсер етуі мүмкін, карантинге жатқызылған өнім тізбесіне енгізілген және оларға қатысты карантиндік фитосанитариялық шаралар қабылдау қажет болатын өсімдіктер, өсімдіктен алынатын өнім, ыдыс, орам, жүктер, топырақ, организмдер немесе материалдар;

Карантинді аймақ - карантинді объектінің анықталуына байланысты белгіленген тәртіппен карантинге жатқызылған деп жарияланған аумақ;

Карантинді объект – өсімдіктерге және өсімдік өніміне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін, Қазақстан Республикасының аумағында жоқ немесе шектеулі таралған, Еуразиялық экономикалық одақтың карантинді объектілердің бірыңғай тізбесіне және (немесе) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесіне енгізілген өсімдіктер зиянкесі, ауруын қоздырғыш немесе арамшөп;

Карантиндік режим – карантинді объектінің таралу ошағын жоюға, карантинді объектінің таралуына жол бермеу мақсатында шаруашылық байланыстарды шектеуге немесе тоқтатуға және карантинді аймақ аумағынан карантинге жатқызылған өнімді тасымалдауды (өткізуді) тоқтата тұруға бағытталған өсімдіктер каран-

тині жөніндегі іс-шараларды міндетті түрде жүргізуді көздейтін құқықтық режим;

Карантинді объектінің таралу ошағы - карантинді объект анықталған және өсімдік карантині жөнінде іс-шаралар жүзеге асырылуға тиіс немесе жүзеге асырылып жатқан аумақ;

Каспий теңізіндегі Қазақстан Республикасы аумақтық суларының енін есептеуге арналған бастапқы сызықтар (бұдан әрі – бастапқы сызықтар) – Қазақстан Республикасының құрлықтық бөлігінде және оның аралдарында орналасқан, орташа көпжылдық деңгейлі (Кронштадт футштогының нөліне қатысты биіктіктердің Балтық жүйесінің минус 28,0 метр белгісінде) сызықтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасына тиесілі шығанақтардағы, бухталардағы, құйылыстар мен жайылмалардағы Қазақстан Республикасы ішкі суларының шектерін шектейтін түзу сызықтар;

Кәбілдік кәріз - байланыс кәбілдерін төсеуге, құрастыруға және техникалық қызмет көрсетуге арналған жерасты құбырлары мен құдықтардың жиынтығы;

Кәсіби авариялық-құтқару қызметі-құтқарушылары штаттық негізде жұмыс істейтін және біліктілік талаптарына сәйкес келетін құралымнан немесе құралымдардан тұратын авариялық-құтқару қызметі;

Кәсіптік ауру – жұмыскердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде оған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсер етуінен туындаған созылмалы немесе қатты ауру;

Кәсіптік тәуекел – еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жұмыскердің еңбекке жарамды болуынан айырылу (не қайтыс болу) тәуекелі;

Кәсіптік тәуекелдерді басқару – кәсіптік тәуекелдерді сәйкестендіруді және бағалауды, түзету шараларын, кәсіптік тәуекелді бақылауды және оның мониторингін қамтитын, еңбекті қорғауды басқару жүйесінің құрамдас бөлігі;

Кәсіптік сәулелену – персоналдың техногендік иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу процесінде сәулеленуі;

Квасимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік

қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар;

Квота (радиация) – нақты техногендік сәулелену көзінен халықтың сәулеленуін шектеу үшін белгіленген доза шегінің бір бөлігі және сәулелену жолдары (сыртқы, сумен, тамақпен және ауамен келіп түсуі);

Кезек күттірмейтін медициналық көмек – пациенттің өміріне анық қатер төндірмейтін, кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

Кене энцефалиті (КЭ) – ауыр мержіуге, немесе өлім-жітімге әкеліп соғатын, адамның қауіпті сырқаттануы. Бұл сырқаттану жануарлар мен адамдарды иксод кенелері шаққанда таралатын вирус арқылы пайда болады. Жасырын кезең 1-30 күнге дейін созылады. Сырқаттану аяқ асты қалтыраудан дене қызымының 38-390С көтерілуінен, қатты бас ауруынан, дене сырқырауынан, әлсіздіктен, ұйқы бұзылудан, жүрек айнудан, құсудан басталады. Науқастың беті, көзі қызарады 3-5 күннен кейін жүйке жүйесінің зақымдалуы басталады;

Кепілге алынған адам – кепілге алынған және (немесе) ұсталған адамды босату шарты ретінде мемлекеттік органды, жергілікті өзін-өзі басқару органын немесе халықаралық ұйымды қандай да бір іс-қимыл жасауға немесе қандай да бір іс-қимыл жасаудан тартынуға мәжбүрлеу мақсатында кепілге алынған және (немесе) ұсталған жеке адам;

Клиникалық зерттеу - аурулардың профилактикасы, оларды диагностикалау мен емдеу құралдарының, әдістері мен технологияларының қауіпсіздігі мен тиімділігін анықтау немесе растау үшін адамды субъект ретінде қатыстыра отырып жүргізілетін зерттеу;

Клиникалық хаттама – пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезіндегі профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылы-

ми дәлелденген ұсынымдар;

Клиникалық өлім - тіршіліктің негізгі белгілері – жүректің соғуы мен тыныс алу байқалмаған, бірақ ағзада өзгертуге болмайтын үрдістер жүрмеген жағдай;

Кома - адамның ес – түссіз жағдайы, сыртқы тітіркендіргіштерге (сөздік, аурулық әсер ету және т.б.) ешбір әрекет етпеу;

Коменданттық сағат – арнайы берілген рұқсаттамасыз және жеке басын қуәландыратын құжаттарсыз көшелерде және өзге де қоғамдық орындарда не үйлерінен тыс жерлерде жүруге тыйым салынатын тәулік мезгілі;

Консилиум – кемінде үш дәрігердің қатысуымен диагноз қою, емдеу тактикасын айқындау және ауруды болжау мақсатында адамды зерттеу;

Контаминация (жанасу) - қоршаған ортадағы заттарда микроорганизмдердің табылуы;

Конструкцияның отқа төзімділік шегі (өртке қарсы тосқауылдардың ойықтарын толтыру) – от әсерінің басынан бастап от-төзімділік бойынша осы конструкция үшін нормаланатын шекті күйге дейінгі уақыт;

Кодталған байланыс - кодтау құжаттары мен техникасын пайдалана отырып қорғалған байланыс;

Көбікті қол өрт бағанасы (көбікті бағана) - түрлі еселікті көбіктер алуға арналған өрт бағанасы;

Көбікті өрт сөндіру құрылғысы - онда өрт сөндіруші зат ретінде ауа - механикалық көбік пайдаланылатын өрт сөндіру қондырғысы;

Көмірқышқылды өрт сөндіргіш - көміртегінің қос тотықты заряды бар құрылғы;

Көбік шашу – бір уақытта бірнеше көбік оқпандарын қолданумен жану аймағына көбікті үздіксіз беру;

Көктайғақ - салқындаған тұман немесе жауын тамшыларының қатуы кезіндегі жердің немесе заттардың бетіндегі мұздың қалың қабаты, қауіпті табиғи құбылыс;

Көлік инфрақұрылымы - көпір, тоннель және өзге де көлік құрылыстарының, жол тарамдары мен жол өткізгіштерінің, ретте-

уші белгі беру құрылғыларының, байланыстың, көлік жұмысының инженерлік қамтамасыз ету, жүктерді, жолаушыларды тасымалдайтын көлік құралдарына қызмет көрсету, өндірістік және қызмет көрсетуші адамдардың функционалдық қызметін қамтамасыз ететін объектілердің, қойма үй-жайлары мен аумақтардың, санитарлық-қорғаныш және күзет алаңдарының, сондай-ақ көрсетілген бағыттағы жолдарға және жылжымайтын мүлік объектілерін қамтитын объектілерге заңдарда бекітілген жерлердің кешені бар жерүсті (автомобиль және (немесе) темір) жолдарының, су (теңіз және (немесе) өзен) жолдарының жиынтығы;

Көлік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс-әрекет жасайтын, жүктерді, жолаушыларды, багажды тасымалдау, көлік құралдарын сақтау, оларға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі қызметпен айналысатын заңды тұлға;

Көліктік логистика – тасымалдың (тасымалдаудың) әрбір кезеңінде жүктер қозғалысының мониторингін қамтитын, әртүрлі көлік түрлерін (теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе) пайдалана отырып, оңтайлы маршрут бойынша жүк жөнелтушіден (өндірушіден) жүк алушыға дейінгі тасымалды (тасымалдауды) жоспарлау және басқару жөніндегі тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара байланысты іс-қимылдарының жиынтығы;

Көмекші басқару пункті – күштер мен құралдарды азаматтық қорғанысты басқару пункттерінен басқару қиындаған немесе мүмкін болмаған жағдайда белгілі бір уақыт кезеңіне құрылатын арнайы жабдықталған құрылыс, қосалқы басқару пункті;

Көму (радиация) – пайдаланылып болған ядролық отынды немесе радиоактивті қалдықтарды көму пунктіне оларды алып қою ниетінсіз орналастыру;

Көпфакторлы зерттеп-қарау – судың зиянды әсерінің алдын алу мақсатында гидротехникалық құрылысжайлар мен негізгі жабдықтың техникалық жай-күйін бағалау, көзбен қарап-тексеру әдісімен және инженерлік (геодезиялық, геофизикалық, геотехникалық, гидрографиялық және басқа да) зерттеулер кешенін жүргізу арқылы олардың элементтерінің қалған ресурсын айқындау;

Көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар;

Көше-жол желісі – қызыл сызықтармен шектелген және көлік құралдарының, велосипедтер мен жаяу жүргіншілердің жүруіне, инженерлік коммуникациялар салуды және төсеуді ретке келтіруге, сондай-ақ елді мекендер аумақтары қатынас жолдарының құрамдас бөлігі ретінде олардың көлік, велосипед және жаяу жүргіншілер байланыстарын қамтамасыз етуге арналған, елді мекендер аумақтарының бір бөлігі болып табылатын көлік инфрақұрылымының объектісі. Көшелер, даңғылдар, тұйық көшелер, өтпелер, жағалаулар, алаңдар, тротуарлар, жаяу жүргіншілер және велосипед жолдары көше-жол желісінің негізгі элементтері болып табылады;

Күзетілетін объектілер - күзетілетін адамдардың болуына арналған үйлер, құрылыстар мен ғимараттар, сондай-ақ оларға іргелес жатқан аумақ пен акватория. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі күзететін объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша бекітеді;

Күзет сигнализациясы жүйесі - күзетілетін аймаққа (учаскеге) санкциясыз енуді, күзетілетін аймақ (учаске) тұтастығының бұзылуын анықтауға, күзетілетін аймақ (учаске) тұтастығының бұзылуы туралы ақпаратты жинауға, өңдеуге, беруге және берілген

түрде ұсынуға арналған бірлесіп жұмыс істейтін техникалық құралдар жиынтығы;

Күзет-өрт хабарлағышы – күзет және өрт хабарлағыш функцияларын хабарлағыш;

Күйдіргі бойынша стационарлық қолайсыз пункт - пайда болу мерзімінің ескіруіне қарамастан, аумағында эпизоотиялық ошақ (жануарлардың қырылуы) немесе адамның күйдіргімен сырқаттану жағдайы анықталған елді мекен (қала, село, кент), мал шаруашылығы фермасы, жайылым, шатқал;

Күйдіргі бойынша қауіп төндіретін аумақ - күйдіргі бойынша қолайсыз елді мекенмен тікелей шекараласатын аумақ, шаруашылық, елді мекендер, әкімшілік аудандар немесе адамдардың немесе жануарлардың сырқаттануы ықтимал аумақ;

Күйдіргінің топырақ ошақтары - күйдіргіден қырылған жануарлардың өлекселерін көметін мал қорымдары, биотермиялық шұңқырлар және басқа да көму орындары;

Күн өту - тікелей түскен күн сәулесінің әсерінен бастың шамадан тыс қызып кетуінен орын алатын ағзаның ауыр жағдайы;

Күштер мен құралдарды өрістету – шығу (өрт) орынға келген өрт сөндіру автомобильдерін өрт сөндіру бойынша міндеттерін орындауға әзірлікке келтіру бойынша жеке құрамның іс-қимылы;

Күштер мен құралдарды тарту жоспары – аудан деңгейінде өртті сөндіруге тартылатын күштер мен құралдардың құрамын айқындайтын құжат;

Күшәлалы ангидрид - ақ ұнтақ, сілтілер мен спирттерде ериді. Ауада бұлыңғыр. Қызған кезде ол ериді, әйнек тәріздес массаны құрайды. Өнеркәсіпте натрий мен кальций тұздарын алу үшін, сондай-ақ ағашты сіндіру үшін жартылай өнім ретінде қолданылады. Уытты доза 0,01-0,052 ж. (жоғары сезімталдық кезінде 0,001 ж.), өлім дозасы - 0,06-0,2 ж.

Күштер топтарының бірінші эшелоны - қарсылас шабуыл жасаған сәтте қаладағы өндірістік қызметті жалғастырып жатқан объектілерде, сондай-ақ адамдар болуы мүмкін басқа да орындарда авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды өрістетуге және жүргізуге арналған. Бірінші эшелон құрамына азаматтық

қорғаныстың әскери бөлімдері, Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалалардың және өндірістік қызметті жалғастырып жатқан объектілердің авариялық-құтқару құралымдары кіреді. Ахуалға байланысты бірінші эшелонға, сондай-ақ Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалалардың маңында орналасқан аудандардың азаматтық қорғау күштері де кіреді.

Күкірт қышқылы - бейорганикалық зат, күкірттің жоғары тотығуына жауап беретін күшті дибаз қышқылы. Қалыпты жағдайда концентрацияланған күкірт қышқылы-түсі мен иісі жоқ, қатты қышқыл «мыс» дәмі бар ауыр майлы сұйықтық. Үлкен дозаларда улы;

Күкіртті көміртек - иісі бар түссіз сұйықтық, таза препаратта жағымды және өткір (сирек кездесетін) - техникалық. Спиртпен және эфирмен араласады. Суда ерімейді. Тұрған кезде, әсіресе жарықта, ол сарыға айналады және жүрек айнуының иісін алады. Бу өте тез тұтанады, ауаға тарағанда жарылады. Отқа тиген кезде, 100 градусқа дейін қыздырылған заттармен, электр тогының қысқа тұйықталуынан болуы мүмкін. Ол вискоза өнеркәсібінде фосфор, майлар, резенке және балауызды еріткіш ретінде, оптикалық айнек өндірісінде, ауылшаруашылық зиянкестерімен күресуде қолданылады;

Күшті әсер ететін улы заттар - белгілі бір уақыт ішінде адамдарға, ауылшаруашылық малдары мен өсімдіктеріне қауіп тудыратын, қауіпті химиялық заттардың қоршаған табиғи ортада концентрация немесе мөлшер түрінде таралуы;

-Қ-

Қажетті эвакуациялау уақыты – өрттің қауіпті факторлары әсерлерінің нәтижесінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірмей өрттің қауіпті факторлары жоқ аймаққа адамдар эвакуациялануы тиіс өрттің туындаған сәтінен бастап уақыт;

Қазақстандық ұлттық дәрілік формуляр - клиникалық қауіпсіздігі мен тиімділігі дәлелденген дәрілік заттардың, сондай-ақ

орфандық (сирек) дәрілік препараттардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық ұйымдардың дәрілік формулярларын әзірлеу және дәрілік заттарды сатып алу тізімдерін қалыптастыру үшін міндетті негіз болып табылатын тізбесі;

Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі электр қуатының резерві - шартта көзделген талаптарға сәйкес қажет етілетін құрылымы, шамасы, сондай-ақ диспетчерлендіруге әзірлік дәрежесі бар энергия өндіруші ұйымдар агрегаттарының электр қуаты;

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы - Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз етуге қатысты мемлекетте ресми қабылданған көзқарастар жүйесі болып табылады;

Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспары – Қазақстан Республикасы қорғаныс жоспарының Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, арнаулы мемлекеттік органдарды жұмылдыра өрістету жөніндегі шараларды іске асыруға, Қазақстан Республикасының экономикасын, мемлекеттік органдарын, ұйымдарын, әкімшілік-аумақтық бірліктері мен халқын жұмылдыру тапсырмаларын немесе жұмылдыру тапсырыстарын, сондай-ақ жұмылдыру дайындығы жөніндегі өзге де іс-шараларды орындау арқылы жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңіндегі және соғыс уақытындағы қызмет режиміне көшіруге бағытталған құрамдас бөлігі;

Қазақстан Республикасының көлігі – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе көлігі, қалалық рельстік көлік, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы магистральдық құбыр көлігі;

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері (бұдан әрі – Қарулы Күштер) – қорғанысты қамтамасыз ету, агрессияға тойтарыс беру немесе тікелей сыртқы қатерді болғызбау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінен туындайтын міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасы құратын және

ұстайтын, мемлекеттің әскери ұйымының негізі;

Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспары – мемлекеттің қорғанысын қамтамасыз ету жөніндегі өзара байланысты құжаттардың жинақталымы;

Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі – бұл өрт пен одан келтірілетін зиянды (нұқсанды) болғызбауға бағытталған, экономикалық, әлеуметтік, ұйымдық, ғылыми-техникалық және құқықтық шаралардың, сондай-ақ өртке қарсы қызметтің күштері мен техникалық құралдарының жиынтығы;

Қазақстан Республикасының Парламенті - заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы болып табылады;

Қазақстан Республикасының Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға;

Қазақстан Республикасының резиденттері - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасында орналасқан заңды тұлғалар, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасында және (немесе) оның шегінен тысқары жерлерде орналасқан филиалдары мен өкілдіктері;

Қазақстан Республикасының Үкіметі - атқарушы билікті жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі – адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің серпінді дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері – іске асырылуынан мемлекеттің адам мен азаматтың құқықтарын, қазақстандық қоғамның құндылықтарын және конституциялық құрылыс негіздерін қорғауды қамтамасыз ету қабілеті байланысты болатын, Қазақстан Республикасының заңнамалық тұрғыдан танылған саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да қажеттіліктерінің жиын-

тығы;

Қазақстан Республикасының континенттік қайраңы (бұдан әрі – континенттік қайраң) – Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануға және су түбі мен жер қойнауының ресурстарын игеруге байланысты басқа да құқыққа сыйымды шаруашылық-экономикалық қызметке егеменді құқықтарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген, Каспий теңізінің түбі мен жер қойнауының учаскесі (Каспий теңізінің қазақстандық секторы);

Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар желілерін орталықтандырылған басқару жүйесі – телекоммуникациялар желілерін орталықтандырылған басқару үшін аппараттық-бағдарламалық кешенді және байланыс арналарын қамтитын, басқарушы өлшемдерді қалыптастыру және олардың орындалуын бақылау жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешені;

Қазіргі заманғы зақымдаушы құралдар – зақымдаушы (қирату) факторлары адамдарды, жануарлар мен өсімдіктерді зақымдауға, объектілерді бүлдіруге немесе қиратуға, қайталама зақымдау факторларының пайда болуына есептелген, жаппай қырып-жою қаруын және қарапайым зақымдаушы құралдарды, оның ішінде зымырандық, авиациялық және атыс қаруын қамтитын құрылғылар мен құралдар;

Қайтарымды сулар - суармалы аумақтардан ағатын жер асты және жер үсті сулары немесе өнеркәсіп орындары, тұрмыстық сумен жабдықтау құрылғылары және коммуналдық кәсіпорындар ағызатын сулар;

Қалааралық байланыс жолы - Қазақстан Республикасының аумағында байланыс операторының қалааралық коммутация станцияларын жалғайтын байланыс жолы;

Қалааралық байланыс операторы - қалааралық байланыс жолын, қалааралық коммутация станцияларын иеленетін және (немесе) пайдаланатын әрі қалааралық телефон байланысы қызметтерін көрсететін тіркелген байланыс операторы;

Қалааралық және халықаралық байланыс операторы - қала-

аралық және халықаралық байланыс жолдарын, қалааралық және халықаралық коммутация станцияларын иеленетін және (немесе) пайдаланатын әрі трафик транзиті және басқа байланыс операторларына желілік ресурстарды беру бойынша қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін көрсететін тіркелген байланыс операторы;

Қалалық аймақтарға бөлу - елді мекеннің аумағын олардың функционалдық мақсатына сәйкес бөлу (тұрғын, қоғамдық, өнеркәсіптік, рекреациялық және басқа да функционалдық аймақтар);

Қан кету - қан тамырлары жарылу кезіндегі қан тамырларынан қанның ағуы;

Қарауыл – өзінің тактикалық мүмкіндіктеріне сәйкес міндеттерді өз бетінше шешуге қабілетті негізгі және арнайы өрт сөндіру автомобильдеріндегі бөлімшелерден (бөлімшелерден) тұратын өртке қарсы қызметтің негізгі тактикалық бөлімшесі;

Қар көшікіні - адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, экономика нысандарына және қоршаған табиғи ортаға шығын келтіретін, жылдам әрі кенеттен болатын қардың және мұздың таудың тік баурайымен қозғалуы;

Қарулы жанжал - мемлекетте соғыс жағдайы енгізілмейтін әскери күшті қолдана отырып, мемлекеттер, халықтар, ауқымы шектеулі әлеуметтік топтар арасындағы қайшылықтарды шешу нысаны;

Қару-жарақ - жанды күшке, техникалар мен инфрақұрылым объектілеріне зақым келтіруге, құрылыстарды (бекіністерді) бұзуға арналған әртүрлі қару түрлері, кешендер мен жүйелер, көрсетілген құрамдастарды имитациялайтын құралдар, оқ-дәрілер, сондай-ақ жүйелер, құрылғылар, жеткізгіштер мен аспаптар;

Қару-жараққа және әскери техникаға жинақтауыштар – жиынтықтағанда қару-жарақ пен әскери техниканың конструктивтік тұтастығын құрайтын құрамдас бөліктер және қару-жарақ пен әскери техникаға қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтар;

Қарулы Күштердің арнаулы операциялары – Қарулы Күштердің әскерлерін бейбіт кезде және соғыс уақытында қолданудың ерекше нысаны;

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақ – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдарына, базалары мен қоймаларына тікелей шектесіп жатқан және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған ауданның бір бөлігі болып табылатын аумақ;

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аудан – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдарына, базалары мен қоймаларына іргелес жатқан, шегінде тыйым салулар мен шектеулер белгіленген аумақ;

Қарулы Күштердің түрі – мемлекеттің белгілі бір салада (құрылықта, теңізде, әуе кеңістігінде) соғыс қимылдарын жүргізуге арналған Қарулы Күштерінің бір бөлігі;

Қайтарымды сулар - суармалы аумақтардан ағатын жер асты және жер үсті сулары немесе өнеркәсіп орындары, тұрмыстық сумен жабдықтау құрылғылары және коммуналдық кәсіпорындар ағызатын сулар;

Қауіпсіз аймақ - қирау, химиялық зақымдау, апатты су басу, радиоактивті және биологиялық зақымдау (ластану) ықтимал аймақтардан тыс орналасқан облыстың әкімшілік шекарасы шегіндегі, жергілікті және эвакуацияланатын халықтың тіршілік әрекеті үшін жарамды аумақ.

Қауіпті ықтимал құрылыс объектілері – өзінің функционалдық мақсаты және өндірістік процестер салдарынан адамның денсаулығы мен өміріне зиян, орны толмас залал келтіретін техногендік және (немесе) экологиялық зілзалалар туындау, жобалануы, салынуы және пайдаланылуы кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі арнайы іс-шаралар талап етілетін басқа да объектілердің жұмыс істеуін бұзу қатері бар қауіпті өндірістік объектілер;

Қауіпсіздік нормалары – жұмыскерлердің еңбек қызметі про-

цесінде олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, санитариялық-гигиеналық, биологиялық және өзге де нормаларды, қағидаларды, рәсімдер мен өлшемшарттарды қамтамасыз ету тұрғысынан өндіріс жағдайларын, өндірістік және еңбек процесін сипаттайтын сапалық және сандық көрсеткіштер;

Қауіпті еңбек жағдайлары – еңбекті қорғау қағидалары сақталмаған жағдайда белгілі бір өндірістік немесе жоюға болмайтын табиғи факторлардың әсері жұмыскердің өндірістік жарақаттануына, денсаулығының кенеттен нашарлауына немесе улануына әкеп соқтыратын, соның салдарынан еңбекке қабілеттіліктен уақытша немесе тұрақты айырылуы, кәсіптік ауруға шалдығуы не қайтыс болуы орын алатын еңбек жағдайлары;

Қауіпті гидрологиялық құбылыстар – әр түрлі табиғи немесе гидродинамикалық факторлардың немесе екеуінің қосындысының әсер етуінен пайда болатын, адамдарға, ауылшаруашылық малдары мен дәнді дақылдарына, экономика нысандары мен қоршаған табиғи ортаға зақым келтіретін, шығу тегі гидрологиялық болып келетін оқиға немесе гидрологиялық процесстердің нәтижесі;

Қауіпті қалдықтардың паспорты - қалдықтарды өзінің шығу жері, сандық және сапалық көрсеткіштері, олармен айналысу ережелері, оларды бақылау әдістері, осы қалдықтардың қоршаған ортаға, адам денсаулығына және (немесе) адамдардың мүлкіне зиянды әсерінің түрлері бойынша туындау процестерін стандартты сипаттаудан және қалдықты өндірушілер туралы және оларды меншікте ұстайтын басқа тұлғалар туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

Қауіпті құбылыс – биологиялық, геологиялық, геофизикалық, гидравликалық, метеорологиялық сипаттағы оқиға немесе адамдардың тіршілік әрекетіне, шаруашылық объектілері мен қоршаған табиғи ортаға қарқындылығы, таралу ауқымы мен ұзақтығына байланысты теріс әсер етуі мүмкін табиғи орта элементтерінің жай-күйі;

Қауіпті метеорологиялық құбылыстар – адамдарға, ауылшаруашылық малдарына және өсімдіктерге, экономика нысандары-

на және қоршаған табиғи ортаға зақым келтіретін немесе келтіруі мүмкін атмосферада әртүрлі табиғи факторлардың немесе олардың қосындысының ықпалынан туындайтын табиғи процесстер мен құбылыстар;

Қауіпті табиғи құбылыс – қарқындылығы, көлемі, жалғасуы мен кері әсер ету мүмкіндігі бар табиғи сипаттағы жағдай;

Қауіпті химиялық заттың төгілуі- герметикалау кезінде техникалық құрылғылардан, қауіпті химиялық заттардың немесе өнімнің сақтайтын немесе тасымалдайтын сыйымдылықтардан химиялық авария тудыруы мүмкін мөлшерде төгілуі;

Қауіпті химиялық заттың шығарылуы- герметикалау кезінде техникалық құрылғылардан, қауіпті химиялық заттардың немесе өнімнің сақтайтын немесе тасымалдайтын сыйымдылықтардан химиялық авария тудыруы мүмкін мөлшерде қысқа мерзім ішінде шығуы;

Қауіпті химиялық нысан - қауіпті химиялық заттарды сақтайтын, өндіретін, пайдаланатын немесе тасымалдайтын нысан, ондағы авария немесе қирау кезінде адамдардың өлімі немесе ауылшаруашылық малдарының, өсімдіктердің, сондай – ақ қоршаған табиғи ортаның химиялық зақымдануы мүмкін;

Қауіпті өнім - қауіпті химиялық өнім, қауіпті тамақ өнімі, қауіпті қалдықтар, олардың құрамына кемінде бір уытты зат енеді, қауіпті концентрацияда адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсер етеді;

Қауіпті өндірістік фактор – әсері жұмыскердің еңбекке қабілеттіліктен уақытша немесе тұрақты айырылуына (өндірістік жарақаттануына немесе кәсіптік ауруына) немесе қайтыс болуына әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор;

Қауіпті химиялық өнім - адам денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға зиян әсер келтіруі мүмкін қасиетке ие химиялық заттар;

Қауіпті химиялық өнімді жіктеу — уытты және уыттылығы жоғары заттардан құралатын химиялық өнімді адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиянды әсер етуі мүмкін қасиеттерін анықтау үшін химиялық заттардың қауіптілік және санат сыныпта-

ры бойынша бөлу;

Қауіпті су ортасы - уытты және уыттылығы жоғары заттарды қамтитын су ортасы (су, балық, планктонды организмдер, балдырлар), оны пайдалану барысында адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға жол берілмейтін тәуекел пайда болуы мүмкін;

Қауіпсіздікке сырттан тікелей төнген қатер - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының қол сұғылмаушылығына төнген қатер және Қазақстан Республикасына қатысты күш қолдану қатері, сондай-ақ шет мемлекеттердің арнайы қызметтері мен ұйымдарының, сондай-ақ жекелеген адамдардың барлаушылық, террористік, диверсиялық және Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне залал келтіруге бағытталған өзге де әрекеттері;

Қауіпті биологиялық фактор – адамдар мен табиғи орта компоненттеріне (жануарлар, өсімдіктер, су, топырақ, ауа) зиян келтіруге қабілетті патогенді биологиялық агенттердің және оларды қамтитын объектілердің жағымсыз әсер ету тәуекелдерін артуға әкеп соғатын оқиға, жағдай, қасиет және (немесе) процесс;

Қауіпті жүк - кез келген қауіпті өнімдер, материалдар, бұйымдар, өндіріс және басқа да қызмет түрлерінің қалдықтары, олар өздеріне тән қасиеттеріне қарай тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстары өндірісі және сақтау кезінде жарылыс, өрт немесе техникалық заттардың, құрылғылардың, ғимараттардың, құрылыстардың зақымдануына, сонымен бірге адамдардың, жануарлардың өліміне, жарақаттануына және ауруына, қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін;

Қауіпті өндірістік фактор – қауіпті өндірістік объектілердегі және әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын, жеке және заңды тұлғаларға, қоршаған ортаға зиян (нұқсан) келтіретін физикалық құбылыс;

Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясы – қауіпті өндірістік объект қауіптілігінің сипаты мен ауқымы, қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға беру, оның жұмыс істеуі және оны пайдаланудан шығару кезеңдерінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар көрсетілген

құжат;

Қауіпті өнімнің қауіпсіздік паспорты - қауіпті өнімнің сипаттамалары және онымен қауіпсіз айналысуды қамтамасыз ету бойынша шаралар туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

Қауіпті химиялық зақымдану аймағы - химиялық қауіпті объектілерге іргелес аумақ, оның шегінде күшті әсер ететін улы заттары бар сыйымдылықтардың ықтимал бұзылуы кезінде соңғыларының қорғалмаған адамдардың зақымдануына әкелетін шоғырланулармен таралуы мүмкін.

Қоғамдық денсаулық - Қазақстан Республикасы азаматтарының дұрыс тамақтануды қоса алғанда, саламатты өмір салтын ұстануы бойынша, аурулар мен жарақаттардың профилактикасы бойынша, сондай-ақ мекендеу ортасының қолайсыз факторларының әсерін болғызбау бойынша қоғамның күш-жігерін көрсететін, халықтың психикалық, тәндік және әлеуметтік саламаттылығының кешенді сипаттамасы;

Қозу (аффект) - адамның психологиялық жай-күйі, эмоционалды күйзелуінің шегі;

Қолайсыз оқиға - медициналық бұйымның кез келген жарамсыздығы және (немесе) сипаттамаларының нашарлауы немесе жұмыс істеуінің бұзылуы немесе медициналық бұйымға ілеспе ақпараттың (құжаттаманың) жеткіліксіздігі не дұрыс еместігі, қолдану жөніндегі нұсқаулықта немесе пайдалану жөніндегі нұсқауда көрсетілмеген, пайдаланушылардың немесе үшінші тұлғалардың өліміне немесе денсаулық жағдайының елеулі нашарлауына тікелей немесе жанама түрде алып келген немесе алып келуі мүмкін жанама әсерлер немесе жағымсыз реакция;

Қолайсыз метеорологиялық жағдайлар – атмосфералық ауаның жерге жақын қабатында зиянды (ластаушы) заттардың жиналуына мүмкіндік тудыратын метеорологиялық жағдайлар;

Қолжетімді (кедергісіз) орта – орынға кедергісіз жетуге және көрсетілетін қызметті пайдалануға мүмкіндік беретін, сондай-ақ көрсетілетін қызметті пайдалану, затқа жету мүмкіндігін қамтамасыз ететін өлшемдері бар ғимараттың, қызмет көрсету орнының, тұру орнының сипаты;

Қол өрт аспабы - өрт сөндіру кезінде құрастырымдарды ашуға, бұзуға және апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған қол аспабы;

Қол өрт бағанасы (қол бағанасы) - өрт сөндіргіш зат ағынын қалыптастыру және оны өрт ошағына бағыттауға арналған өрт бағаны;

Қол өрт сатысы - өрт сөндіру кезінде жылдам әрекет жасауды қамтамасыз етуге және онымен байланысты биіктікте бірінші кезекті апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етуге арналған тасымалданатын құрастырым;

Қол өрт хабарлағышы - қолмен іске қосылатын өрт хабарлағыш;

Қол су өрт бағаны (су бағаны) - су бағанын қалыптастыруға және оны өрт ошағына бағыттауға арналған өрт бағаны;

Қоныстану аумағы - тұрғын үй, қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) және рекреациялық аймақтарды, сондай-ақ инженерлік және көлік инфрақұрылымдарының жекелеген бөліктерін, басқа да объектілерді орналастыруға арналған, орналастырылуы мен қызметі арнаулы санитарлық-қорғаныш аймақтарын талап ететіндей әсер етпейтін елді мекен аумағының бір бөлігі;

Қорғалған байланыс – ақпаратты қорғаудың арнайы құралдары пайдаланылатын электр байланысының түрі (кодталған байланыс, құпияландырылған байланыс, шифрланған байланыс);

Қорғаныс – әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету, егемендікті, аумақтық тұтастықты және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасына қолсұғылмаушылықты қарулы қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі саяси, әскери, экономикалық, ақпараттық, экологиялық, әлеуметтік-құқықтық және өзге де сипаттағы мемлекеттік шаралар жүйесі;

Қорғаныс объектілері – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мемлекеттік мекемелеріне жедел басқару құқығымен бекітіліп берілген жылжымайтын мүлік;

Қорғаныстық зерттеулер – мемлекеттің әскери ұйымын, әскери өнерді дамыту, қару-жарактың, әскери техниканың, техникалық және арнайы құралдардың жаңа үлгілерін әзірлеу, жасау, оларды

ендіру, қарулануда, жарактандыруда, жабдықтауда және пайдалануда тұрған қару-жарак пен әскери техниканың үлгілерін жаңғырту, Қарулы Күштердің, аумақтық қорғаныстың құрылысы мен оларды қамтамасыз ету мәселелерін шешуге бағытталған, стратегиялық, қолданбалы, талдамалық және әлеуметтік зерттеулерді қамтитын қорғаныс және әскери қауіпсіздік саласындағы зерттеулер;

Қорғаныстық-өнеркәсіптік кеішен ұйымдары – қару-жарак пен әскери техниканың айналымы саласында лицензиялары бар отандық тауар өндірушілер мен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер;

Қорғау-өрт хабарлағыш - қорғау және өрт хабарлау функциясын қоса атқаратын хабарлағыш;

Қорқор - темекінің, сондай-ақ құрамында темекі жапырағы жоқ өнімдердің бықсуынан және (немесе) қызуынан туындайтын аэрозольді, буды немесе түтінді жұту үшін пайдаланылатын және аэрозоль, бу немесе түтін сұйықтығы бар түтік ыдыс арқылы өтетін аспап;

Қоршаған орта - атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, жер беті мен жер асты суларын, жерді, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ олардың өзара әрекетіндегі климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілер жиынтығы;

Қосалқы басқару пункті (қалалық, қала сыртындағы) – айрықша кезеңде азаматтық қорғауды басқару органының пайдалануына арналған, арнайы жабдықталған құрылыс, стационарлық басқару пункті;

Қосарланған мақсаттағы объектілер - адамдар жаппай болатын, құрама эвакуациялық пункттер, аралық эвакуациялық пункттер, қабылдау эвакуациялық пункттері ретінде пайдаланылатын әлеуметтік сала объектілері. Қосарлы мақсаттағы объектілердің тізбесін эвакуациялық (эвакуациялық қабылдау) комиссиялар айқындайды және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімдерімен бекітіледі.

Қосқыш өрт арматураларына кілттер - арынды және сорғыш өрт түтік құбырларын, өрт жабдығының қосқыш арматураларына қызмет көрсетуге арналған жабдық;

Қосқыш өрт басы - өрт түтік құбырларын қосуға оларды өрт жабдығы мен өрт сорғыларына қосуға арналған жылдам қосылатын арқаулық;

Құбырлы сүзгіш құдық – су тұтқыш қабаттың үстіңгі бетінің біріншісіне бекітілетін бірқатар тесіктері бар құбыр кесіндісі;

Құйын - айналу жылдамдығы 100 м/с және одан жоғары, диаметрі 1000 м болатын, үлкен қиратқыш күшке ие ұсақ масштабты атмосфералық күшті табиғи құбылыс;

Құпияландырылған байланыс - құпияландыру аппаратурасын пайдалана отырып қорғалған байланыс;

Құпиялылық белгісі - беру көзінің өзінде және (немесе) оған ілес пе құжаттамада көрсетілетін, беру көздерінде қамтылған мәліметтердің құпиялылық дәрежесін куәландыратын деректемелер;

Құтқарғыш өрт түтік құбыр құрылғысы - құтқарылатындардың сырғып түсуі үшін матадан жасалған және түрлі биіктік деңгейлерден адамдарды, материалдық құндылықтарды шұғыл көшіруге арналған өрттен құтқару құрылғысы;

Құтқару – адамдардың өміріне (денсаулығына) өрттің қауіпті факторларының әсер етуінен қауіп болған кезде өрттің қауіпті факторлары болмайтын аймаққа, оның ішінде тиісті техникалық құтқару және қорғау құралдарын пайдалана отырып, адамдарды жеке немесе ұжымдық ауыстыру процесі;

Құтқару жұмыстары - А) ТЖ болған аймақта адамдарды, материалдық және мәдени құндылықтарды аман алып қалу бойынша іс-әрекет, қоршаған ортаны қорғау, ТЖ жою немесе оның қауіпті факторларының әсерін мүмкіндігінше аз деңгейге түсіру;

Құтқару құралдары (құрылғылары) – адамдарға өрттің қауіпті факторларының әсер етуі және (немесе) олардың ілеспе көріністерінің болуы мүмкін және эвакуациялау өрттің қауіпті факторларымен немесе басқа да себептермен бұғатталған жерлерден адамдарды дербес немесе мәжбүрлі көшіруді қамтамасыз ететін техникалық құралдар;

Құтқарушы – авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арнайы даярлықтан өткен және аттестатталған (қайта аттестатталған) жеке тұлға;

Құтқару трапы (науаша) - құтқарылатындардың көлбеу траектория бойынша сырғып түсуіне арналған өрттен құтқару құрылғысы;

Құтқару секіру жаймасы (құтқару жаймасы) - матадан жасалған, құтқарушы адамдар құлаған адамның қауіпсіз жерге түсуі үшін керіп жаятын құтқару құрылғысы;

Қызметтік құпия - мемлекеттік құпияның құрамына кіруі мүмкін, жарияланған немесе жоғалған жағдайда мемлекеттің ұлттық мүдделеріне, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін жекелеген деректер сипаты бар мәліметтер;

Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай Ұлттық қоғамы - Қазақстанның заңнамасына, Женева конвенцияларына және оларға қосымша Хаттамаларға және Халықаралық Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қозғалысының негізгі принциптеріне сәйкес өз қызметін елдің бүкіл аумағында жүзеге асыратын Қазақстандағы жалғыз қоғамдық ұйым.

Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай халықаралық конференциясы – Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай халықаралық қозғалысының құрамдас бөліктері өкілдерінің және 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенцияларына қатысушы мемлекеттер өкілдерінің халықаралық жиналысы нысанындағы жоғары орган, мемлекеттердің Гуманитарлық қызметі мен қозғалысын үйлестіру мақсатында төрт жылда кемінде бір рет шақырылады;

Қызыл сызық - елді мекендерді жоспарлау құрылымындағы кварталдардың, шағын аудандардың, өзге элементтердің аумағын көшеден (жолдардан, алаңдардан) бөліп тұратын шекара. Әдетте қызыл сызық құрылыс салу шекарасын реттеу үшін қолданылады;

Қысымды өрт жеңқұбыры – артық қысымды өртсөндіргіш заттарды тасымалдауға арналған қысымды жеңқұбыр;

- Л -

Лаңкестік (терроризм) -мемлекеттің қауіпсіздігін бұзу үшін, мемлекеттік органдардың қабылдайтын шешімдеріне әсер ету үшін

және басқа да лаңкестік мақсаттарға жету үшін жасалатын құқыққа қарсы, қылмыстық жазаланатын жұмыс;

Лаңкестік акт - адамдардың өміріне қауіп төндіретін қастандық, жарылыс, аманатқа алу, өртеу немесе басқа да іс-қимылдарды жасау, маңызды мүліктік шығындарға ұшырату немесе басқа да қоғамға қауіпті салдардың пайда болуы, егер бұл әрекеттер лаңкестіктің мақсатына жету үшін, сондай ақ, белгіленген іс - әрекеттердің сол мақсатта жасалу қауіпі болса лаңкестік акт болып саналады;

Ластағыш - өздерінің қасиеттеріне орай және осындай заттарды қоршаған ортаға енгізу салдарынан қоршаған ортаға немесе адамның өміріне және (немесе) денсаулығына зиянды болуы мүмкін және Қағидаларында белгіленген өнеркәсіп салалары бойынша есептілік үшін ластағыштардың тізбесіне енгізілген затты немесе заттар тобы;

Ластаушы заттың атмосфералық ауадағы рұқсат етілген шекті шоғырлануы – ұрпақтың қазіргі немесе келешек өміріне тікелей немесе жанама қолайсыз әсер етпейтін, адамның еңбек қабілетін төмендетпейтін, оның өзін-өзі жақсы сезінуін және өмірінің санитариялық-тұрмыстық жағдайын нашарлатпайтын шоғырлануы;

Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімі – әркімнің экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету, жұртшылықтың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануын болғызбау мен қысқартуға жәрдемдесу мақсатында жүргізілетін ресми интернет-ресурста ашық қолжетімділікте орналастырылған, ластағыш заттардың қоршаған ортаға эмиссияларының жай-күйі және қоршаған ортаның ластану деңгейлері туралы құрылымданған электрондық дерекқор;

Лафетті аралас өрт оқпаны – тұтас немесе тұтас және шашыраңқы су ағыны алауының бұрышы өзгеруімен, сондай-ақ өрт сөндіру кезінде төмен еселіктегі ауа-механикалық көбік ағынын қалыптастыруға арналған өрт оқпаны;

Төтенше жағдайдан қорғау

Қызылғаш бөгетінің бұзылуы

Қазақстан Республикасы, көлемі бойынша әлемдегі тоғызыншы мемлекет, ал Азиядағы төртінші және ТМД-дағы екінші ел, 19 миллионнан астам халқы бар, табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы катаклизмнің барлық түрлеріне бейім. ҚР ТЖМ деректері бойынша жыл сайын Қазақстан Республикасында 18 мыңға дейін төтенше жағдайлар тіркеледі, олардың төрттен бір бөлігі техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға жатады.



Боранбаев М.Р. -
АҚ ҰО оқытушысы

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 65-тармағына сәйкес техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар - бұл қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен, көлік авариялары мен басқа да авариялардан, өрттерден (жарылыстардан), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттардың сыртқа тарауы (төгілу қаупі бар) авариялардан, ғимараттар мен құрылыстардың кенеттен құлауынан, бөгеттердің бұзылуы, тіршілікті қамтамасыз етудің электр энергетикалық және коммуникациялық жүйелеріндегі, тазарту құрылыстарындағы авариялардан туындаған төтенше жағдайлар саналады.

Әлемде ғана емес, Қазақстанда да кең таралған техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың бірі - гидротехникалық құрылыстардың қирауына байланысты төтенше жағдайлар болып табылады.

Гидротехникалық құрылыстар - бұл бөгеттер, су электр станцияларының ғимараттары, су ағызу, су жіберу және су шығару құрылыстары, туннельдер, арналар, сорғы станциялары, кеме

жүретін шлюздер, кеме көтергіштер; су тасқынынан, су қоймаларының, өзендердің жағалаулары мен түбінің бұзылуынан қорғауға арналған құрылыстар; өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы ұйымдарының сұйық қалдықтар қоймасын қоршайтын құрылыстар (бөгеттер); су қоймаларының және су қоймаларының сондай-ақ су ресурстарын пайдалануға және су мен сұйық қалдықтардың теріс әсерін болдырмауға арналған басқа да құрылыстар жатады.



Гидродинамикалық апат - бұл гидротехникалық құрылыстың немесе оның бір бөлігінің істен шығуына (бұзылуына) және кең аумақтарды қирататын және су басатын үлкен су массаларының басқарылмайтын қозғалысына байланысты төтенше оқиға. Негізгі ықтимал қауіпті гидротехникалық құрылыстарға бөгеттер, су тарту және су жинау құрылыстары (шлюздер) жатады. Гидротехникалық құрылыстардың қирауы (бұзылуы) табиғат күштерінің (жер сілкіністері, дауылдар, бөгеттердің шайылуы) немесе адамның әсерінің (гидротехникалық құрылыстар, диверсиялық актілердің ірі табиғи бөгеттері бойынша ядролық немесе қарапайым қару құралдарымен соққы беру), сондай-ақ конструкциялық ақаулардың немесе жобалау қателерінің салдарынан болады.

Негізгі ықтимал қауіпті гидротехникалық құрылыстарға бөгеттер, су тарту және су жинау құрылыстары (шлюздер) жатады. Гидротехникалық құрылыстар мен олар жасаған су қоймалары ел экономикасы үшін өте маңызды. Олар экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан күрделі және жауапты инженерлік нысандар арасында ең көп таралған. Сонымен қатар, тәжірибе көрсеткендей, гидротехникалық құрылыстардың жұмысындағы бұзушылықтар болжанбайтын материалдық, экологиялық және әлеуметтік залалдарға әкелуі мүмкін.

Соңғы жылдары әлемнің әртүрлі елдеріндегі гидротехникалық құрылыстарда орын алған апатты салдарлары бар ірі аварияларды талдау олардың туындауының басты себептерінің бірі қажетті дайындығы төмен пайдалану қызметтері авариялық жағдайларды оқшаулай алмайтын адами фактор болып табылатынын көрсетеді. Авариялар мен олармен байланысты төтенше жағдайлардың 50% - ға жуығы пайдалану персоналының біліктілігінің төмендігінің, жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылмауының, жобалау, салу және пайдалану кезінде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының бұзылуының, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін тиімсіз қадағалаудың нәтижесі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда қажетті су шаруашылығы кешені құрылған және олар жұмыс істеп жатыр. Өкінішке орай, соңғы уақытта көптеген гидротехникалық құрылыстарда төтенше жағдайлардың пайда болу қаупі едәуір өсті. Бұл негізінен пайдалану жағдайларының әртүрлі бұзылуына, құрылыс пен жабдықтың жекелеген тораптарының тозуына, жобалау және пайдалану құжаттамасының болмауына байланысты болып отыр.

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің деректері бойынша Қазақстанда 1732 ГТҚ (су жинақтайтын: су қоймалары, бөгеттер, бөгеттер, тоғандар, гидротораптар және магистральдық арналар) бар, оның ішінде: 434 ГТҚ қанағаттанарлықсыз жағдайда, 19 ГТҚ авариялық жағдайда, 3 ГТҚ иесіз екен, ал 843 ГТҚ-ның (48%) пайдалану кезеңі 50 және одан да уақыт асып кеткен (мысалы, Самарқанд – 1939 жылы, Бұқтырма – 1960 жылы, Шардара және Қаратомар су қоймасы 1965 жылы, Вячеслав және Сергеев – 1969 жылы, Қапшағай – 1970 жылдары салынған).

2010 жылдың 11 наурызында қайғылы жағдайға 6 сағат қалғанда, сағат 18:30 – да Алматы облысының Төтенше жағдайлар депар-



таментіне Төтенше жағдайлар министрлігінің "Қазселденқорғау" ММ диспетчерінен Қызылағаш су қоймасының су қауіпті деңгейі дейін көтеріліп, апатты су ағызғанға дейін 1 м қалғаны туралы хабарлама келіп түсті.

Алматы облысы ТЖД департаментінің жедел кезекшілеріне облыс әкімінің кезекші қызметтері, ішкі істер, қорғаныс істері жөніндегі департаменттері, ҰҚК, "Қазавтожол", ДЭУ-18 хабарланды. Қызылағаш ауылының аумағына Алматы облысы ТЖД жедел тобы келіп, жағдайды бағалап, тұрғындарды эвакуациялау туралы шешім қабылдады. Әкімдік оқиға орнына халықты эвакуациялау үшін 12 автобус жіберді. ТЖД автокөлігімен ауылдың 530 тұрғыны дер



кезінде эвакуацияланды. Тұрғындардың көпшілігі жақын маңдағы елді мекендердегі туған-туыстарына, таныстарына өз бетінше жүріп кетті.

Сонымен қатар, 2010 жылғы 11 наурызда қазіргі Қазақстан тарихындағы ең жойқын су тасқынының бірі болды – көлемі 42 млн. текше метр су қоймасының жарылуы орын алды. Жойқын су наурыздың 11-нен 12-не қараған түні бөгетті бұзды. Апат аймағында Алматы облысының Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылынан жоғары, 3 мың тұрғыны бар еді.

Қардың қарқынды еруі, соңынан жауған нөсер жаңбыр, сондай-ақ жергілікті биліктің салғыртығы Қызылағаш өзенінің жоғарғы ағысында бөгеттің шайылуына және Қызылағаш су қоймасындағы бөгеттің бұзылуына әкелді.

Аталған бөгет, сондай — ақ Қызылағаш су қоймасы "Шынар" ЖШС-не қараған. Бұл кәсіпорын 2004 жылы оны пайдалана бастаған, ал 2007 жыл-



дан бастап су қоймасына "Қызылағаш" су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативі иелік етіп, яғни жеке меншікке өткен. Бөгеттің бұзылуы, ең алдымен, Қызылағаш су қоймасын басқарушылар әдеттегідей құрғашылық маусымы қарсаңында көбірек су жинағысы келгендіктен орын алды, бірақ бұл ретте өңірде қалыптасқан су тасқыны жағдайына елемеді. 2 метрлік толқынның салдарынан аттас кент су астында қалды, көрші елді мекендер де (Егінсу, Ақтоған, Көлтабан, Алажиде станциясы және т.б.) біршама зардап шекті, ағын су Алматы-Өскемен тас жолындағы көпірді шайып кетті.

Қазақ халқында «От пен су тілсіз жау» деген ұғым бар. Су тасқыны салдарынан 45 адам қайтыс болды, оның ішінде 10 ұл және 5 қыз; 300 адам түрлі дәрежедегі жарақат алып, 2000-ға жуығы эвакуацияланды; 146 үй толығымен қирады, 251-і қирады және 42-сі бұзылды.

Іздестіру-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу үшін ҚР ТЖМ, ҚР ҚМ, ҚР ІІМ бөлімшелері, Азаматтық қорғау облыстық қызметтері, облыстың түрлі департаменттері мен басқармалары, Талдықорған қаласының ұйымдары мен кәсіпорындары және үкіметтік емес ұйымдар тартылды. Су қоймасы қирауының салдарын жою жөніндегі барлық іс-шаралардың пайда болу барысы мен барлық іс-шаралар барлық облыстық, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында (теледидар, радио, баспасөз басылымдары, ақпараттық агенттіктер және басқалар) кеңінен және уақтылы жарияланып отырды. Қызылағаш трагедиясының жан-жақты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау – сол күндердің оқиғалары мен мемлекеттік құрылымдар, құтқарушылар трагедияны жою бойынша атқарған орасан зор жұмыстары айғақтай алады.



Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет

істері агенттігінің Алматы облысы бойынша Тәртіптік кеңесінің бұрынғы төрағасы және Парламент депутаты Серікбай Нұрғисаев "Мирас" баспасында басылып шыққан жалпы таралымы екі мың дана "Қызылағаш: сынақ уақыты" атты кітап жазды. Бұл кітапта жергілікті атқарушы органдардың, азаматтық қорғау органдарының және басқа да мемлекеттік қызметтердің жұмысы сипатталған. Кітапта алғашқы күндерден бастап оқиғалардың қалай дамығаны туралы фотоматериалдар, құжаттар, куәгерлердің әңгімелері бар. Кітап беттерінде автор су тасқынының себептерін талдап, мемлекеттік органдардың төтенше жағдайдың салдарын жоюдағы өзара іс-қимылы туралы айтып берді.

Қайғылы оқиғаға байланысты жеті адам кінәлі болып анықталды:

2011 жылы Талдықорған әскери гарнизонының соты Қызылағаш ауылдық округінің әкімі Есет Жүнісовты, "Қызылағаш" кооперативінің атқарушы директоры Мұхит Жүнісовты және "Қызылағаш" су пайдаланушылар ауылдық өндірістік кооперативінің басқарма төрағасы Қуаныш Бекеевті бес жылға бас бостандығынан айырды. Ақсу ауданының ТЖ бөлімінің бастығы Күнібек Байзақов екі жылға шартты түрде сотталып, үш жыл бойы мемлекеттік қызметте қызмет атқару құқығынан айырылды. Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Берік Тынышбаев пен облыстық ТЖД бастығының бұрынғы орынбасары Евгений Енин кінәсіздігі үшін ақталды. 2012 жылдың ақпан айында Қуаныш Бекеев Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына байланысты рақымшылық жасау бойынша бостандыққа шықты.

Аталған апаттан қаза болғандарды еске алып, құрметтеу мақсатында 2010 жылғы 15 наурызда облыс әкімінің 2010 жылғы 13 наурыздағы № 151 өкімімен Алматы облысының аумағында "Қайғы күні" болып жарияланды. Сонымен қатар, Алматы об-



лысы әкімінің бастамасымен Қызылағаш ауылының кіреберісінде Қызылағаш трагедиясының құрбандарына арналған ескерткіш орнатылды. Қызылағаш тұрғындарына гуманитарлық көмекті Қазақстанның түкпір-түкпірінен, соның ішінде жақын және алыс шетелдерден келген адамдар көрсетті.

Мысалы, Қырғыз Республикасы Үкіметінің өкіміне сәйкес Қырғызстанның Мемлекеттік материалдық резервтер қорынан екі мың 160 дана шифер, 60 тонна цемент, төрт орындық және 100 орындық шатырларшалар, пештер, гигиеналық заттар, суға арналған бактар мен флягтар, жылы киімдер, көрпелер бөлінді. Франция мемлекеті "Жансүгіров қорының" шотына 30 мың еуро (5 700 000 теңге) көлемінде ақша аударды. Бұл сома Қызылағаш ауылындағы 560 үйді сұйытылған газбен жабдықтау, сондай-ақ газ плиталарын сатып алу үшін пайдаланылды.

2012 жылы облыс әкімдігінің № 41а қабылданған қаулысына сәйкес Қызылағаш су қоймасы республикалық меншікке берілді. Сол жылы "ҚазСуШар" РМК Алматы филиалының өз күшімен су қоймасында ұзындығы 12 км асфальтталмаған автомобиль жол салды және жалпы сомасы 162 млн. теңгеге ұзындығы 16 км электр беру желісі салынды.

"ҚазСуШар" РМК Алматы филиалының деректері бойынша Қызылағаш су қоймасын реконструкциялау 2017 жылы басталып, мемлекеттік комиссия тексергеннен кейін 2022 жылы пайдалануға беріледі. Нысан заманауи стандарттарға, ең бастысы, бөгетті автоматтандырылған басқару және ТЖ болған жағдайда халықты жергілікті хабардар ету жүйесін орната отырып, қауіпсіздік талаптарына жауап беретін болады. Қорытындылай келе, Қызылағаштағы трагедия фактісі тарихта қалуы керек, мұндай оқиғалар жиі аңызға айналады. Төтенше жағдайлар жөніндегі бұрынғы Вице-министрі Валерий Петров айтқандай, Қызылағаштағы оқиға болашақ ұрпақ үшін сабақ болып табылады. Табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалану және жекелеген шенеуніктердің немқұрайлылығы қайғылы жағдайға әкелді.

«СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР»

5 жылдың жүзі болды біз журналымыздың «Сұрақтар мен жауаптар» атты айдарында журналдың оқырмандарының назарына азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған объектілерге тән семинар тыңдаушыларының азаматтық қорғаныс бойынша сұрақтарды ұсынып келеміз.

Журналдың 2022 жылғы №3 санында семинар тыңдаушыларының үш сұрағын ұсынамыз. Сонымен бұл сұрақтардың сипаты мен мазмұны мынандай.

Сұрақ: Павлодар облысы, Екібастұз қаласы «ГРЭС-1» ЖШС-нің өнеркәсіп қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі инженері Марина Шишлованың сұрағы

Сұрақтың мазмұны: Мені қауіпті өндірістік объектілерде материалдық және қаржылық қорларды құру мәселесі толғандырады. Бұл қорлар қандай мақсатта құрылады және оның тәртібі қай заң актісінде айқындалған? Бұл сұрақ біздің кәсіпорында өнеркәсіп қауіпсіздігі саласында мемлекеттік қадағалау жүргізілу барысында туындаған болатын.

Жауапты АҚ ҰО вице-президенті Еңсебаев Б.К. дайындады



Жауаптың мазмұны:

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» заңының 16 бабы 3 тармағының 11 тармақшасына сәйкес қауіпті өндірістік объектілері (бұдан әрі - ҚӨО) бар және (немесе) олардағы жұмыстарға тартылатын ұйымдар қаржылық-экономикалық қызметін жоспарлау барысында аварияларды жою жоспарына сәйкес жұмыстарды жүргізуге

материалдық және қаржылық ресурстардың резервтерін жасау кететін шығынды қарастырулары тиіс.

Сондай-ақ ҚӨО қызмет етуінің нормативтік мерзімі біткен техникалық құрылғыларды уақтылы жаңартуды қамтамасыз етуге міндетті. Осы шаралады орындауға да нақты қаржы қажет болады, сондықтан бұны да ҚӨО бюджетінде қарастыру керек.

Мысалға, «КазТрансОйл» ұлттық компаниясында өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмсалатын қаржы көлемі жалпы бюджеттің 0,05 пайызын құрайды.

Аталған заң актісінде өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 10 жолы көрсетілген. Сол он жолдың біреуі қаржылық-экономикалық құралдарды қажет етеді, бұл – ҚӨО қызмет көрсететін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтеріне (бұдан әрі –ӨҚ КАҚҚ) жұмсалатын қаржы. Бұл қаржы мына шараларға жұмсалады:

- өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жеке құрамын күтіп ұстауға (даярлау, тамақтандыру және басқа да ұйымдастыру шаралары), яғни ҚӨО мен ӨҚ КАҚҚ арасындағы келесім мерзімі біткенге дейінгі уақытқа;

- ӨҚ КАҚҚ құралдарын күтіп-ұстау мен олардың материалдық-техникалық жабдықтарын үнемі дайындықты қамтамасыз етуге бағытталған қаржы (ЖЖМ мен техниканың қосалқы бөлшектері, жабдықтар мен құрал-саймандар және басқасы).

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің штаттық жеке құрам санының нормативі ҚР ТЖМ 2021 жылғы 21 шілдедегі №360 «Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жеке құрамына қойылатын талаптар және штат санын есептеу нормативтерін бекіту туралы» бұйрығымен анықталған.

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» заңының 80 бабына сәйкес қауіпті өнеркәсіптік объектілерде аварияларды жою жоспары жасалатыны белгілі. Аварияларды жою жоспарын қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым басшысы бекітеді және өнеркәсіптік

қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметімен келісіледі.

Бұл ретте өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қажетті штаттық жеке құрам саны кәсіпорынның жергілікті жағдайларға, құрылымына және өндірістің ерекшелігіне, қызметтің түріне, жұмысшылардың санына, мүліктің болуына, техникаға, көлік құралдарына байланысты екенін атап өті керек. Осылайша ҚӨО-дегі материалдық және қаржылық ресурстардың резервтері мына мақсатта жасалады:

1) ҚӨО қызмет көрсететін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қажетін өтеу үшін не керек екенін есептейтін ӨҚ КАҚҚ;

2) нормативтік мерзімі біткен техникалық құрылғыларды уақтылы жаңартуды үшін.

Осындай есептерге сәйкес тиісті қаржы көлемі ҚӨО бюджетіне енгізіледі. Оның көшірмесі өнеркәсіп саласында мемлекеттік қадағалау жүргізу барысында шараларды растайтын құжат болып табылады.

№2 сұрақ: Шығыс-Қазақстан облысы «Казцинк» ЖШС-нің АҚ, ТЖ мен ӨҚ жөніндегі маманы Дүйсекенова Сәуле Смағұлқызының сұрағы

Сұрақтың мазмұны: Қандай нормативті құқықтық актіде объектілік азаматтық қорғау құралымдарын медициналық сөмкелермен жабдықтау анықталған? Біз оларды өзіміздің объектілік азаматтық қорғау құралымын медициналық жабдықтау

үшін сатып алғымыз келеді.

Жауапты

**АҚ ҰО оқытушысы-
Кулумбетова Х.А.
дайындады**

Жауаптың мазмұны:

Азаматтық қорғауда «медицина-



лық сөмке» деген ұғым қолданылмайды. Оның орнына «санитарлық сөмке» деген ұғым бар.

Азаматтық қорғау саласындағы заң актілерінде азаматтық қорғау құрылымдарын медициналық сөмкемен жабдықтау тәртібі қарастырылмаған.

Санитарлық сөмке дегеніміз дәрілік заттар мен медициналық құралдардың жиынтығы, ол ұрыс даласында алғашқы көмек көрсетуге арналған. Сөмке ішіндегі медициналық қорғау жабдықтары 20 шақты жаралылар мен зардап шеккендерге жетеді. Негізінен санитарлық сөмкені Қарулы күштердің медициналық бөлемшелері соғыс жағдайында қолданады.

«Азаматтық қорғау құралымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту қағидаларын бекіту туралы» ҚР ПМ 2015 жылғы 23 сәуірдегі

№ 387 бұйрығына сәйкес (22.02.2022 жылғы ҚР ТЖМ № 57 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізген) адам саны 50ден аспайтын ұйымдардағы объектілік азаматтық қорғау құралымдары материалдық-жабдықтау бірінші басшының бұйрығымен бекітіліп, мынаны құрайды:

- әр құралым мүшесіне екі өрт сөндіргіштен;
- бір дәрі қобдишасы;
- құрылатын әр құралымға өзімен алып жүретін екі радиостанциядан (жасақ, команда, звено, бекет).

Сол №387 бұйрықта атап көрсетілгендей азаматтық қорғау құралымын жабдықтау нормасы ұйым басшының бұйрығымен бекітіледі, бұл жерде ұйымның мүмкіндігі, техникасы мен көлік құралдары бар-жоғына байланысты болады. Егер ұйымның қаржылай қауқары болған жағдайды, онда өз есебінен азаматтық қорғаудың объектілік құралымдарын дәрі қобдишасымен (міндетті норма) және санитарлық сөмкемен (қосымша) қамтамасыз ете алады.

Дәрі қобдишасы мен санитарлық сөмкенің айырмашылықтары қандай?

Айырмашылығы жабдықталуында. Дәрі қобдишасында 20

дәрі-дәрмек, түрлі жабдықтар болады. Ал санитарлық сөмкеде олардың саны 30. Алдын атап өткендей, санитарлық сөмкелер Қарулы күштердің медициналық бөлімшелеріне арналған, оны ұрыс даласында қолданады, сондай-ақ азаматтық қорғаудың медициналық қызмет құралымдары да қоланады.

Осылайша объектілік медициналық азаматтық қорғау құралымдарын (санитарлық дружина мен санитарлық бекет) санитарлық сөмкелермен жабдықтау заңнамаға қайшы емес. Қайта ол азаматтық қорғаудың екінші қағидатымен үндесіп жатыр, яғни «азаматтар мен қоғамға төтенше жағдайдан келетін қауіп пен қатерді мейлінше азайту».

№3 сұрақ: *Нұр-Сұлтан қаласы «KAZ Minerals Bozshakol» ЖШС коммерциялық бөлімнің бастығы Бигельдиев Нурлыбек Кадырбековичтің сұрағы.*

Сұрақтың мазмұны: *Азаматтық қорғаныс мәселелері бойынша мемлекеттік бақылау барысында Павлодар облысы бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі бізге объектіміздің персоналын паналау үшін қорғаныс ғимаратының жоқтығын көрсетті.*

Осыған байланысты Сізден экономика объектілерінде қорғаныс құрылыстарын орналастыру тәртібіне қатысты келесі сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймын.

Егер объект қатты қирау аймағынан тыс жерде және азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қаладан тыс жерде орналасқан болса, қорғаныш құрылыстары болуы міндетті ме?

**Жауапты
АҚ ҰО оқытушысы-
Боранбаев М.Р.
дайындады**



Жауаптың мазмұны:

"Азаматтық қорғау туралы"

Қазақстан Республикасы Заңы-

ның 1 – бабының 9-тармағына сәйкес азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары дегеніміз -арнайы жабдықталған және халықты қазіргі заманғы зақымдау құралдарының зақымдау (қирату) факторларының әсерінен қорғауға арналған инженерлік құрылыс болып табылады.

Бұдан басқа, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына және "Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы ПМ-нің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 190 бұйрығына сәйкес жеке тұрған және жапсарлас салынған баспаналар мен радиацияға қарсы паналарханалар азаматтық қорғаныс объектілеріне жатады.

"Азаматтық қорғаныс объектілерін құру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1357 қаулысының 4-тармағында АҚ қорғаныш құрылыстары АҚ бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдардың ең көп жұмыс істейтін ауысымын қорғау үшін, сондай-ақ медициналық ұйымдардың тасымалдауға келмейтін науқастарын қорғау үшін құрылатыны атап өтілген.

"Азаматтық қорғаныс объектілерін құру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №1357 қаулысының мына талаптар анықталған:

Азаматтық қорғаныс баспаналары азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалаларда құрылады;

радиацияға қарсы паналар азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылмаған қалаларда және ауылдық аудандарда құрылады.

Сіздің нысаныңыз АҚ бойынша топтарға жатқызылған қатты қирау аймағынан тыс жерде орналасқандықтан және сондай-ақ қазіргі заманғы зақымдау құралдарының ықтимал әсер ету аймағына кірмейтіндігін ескере отырып, баспана немесе радиацияға қарсы баспана құрудың қажеті жоқ деп санаймыз.

Алайда, 2.04.-101-2014 "Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары" ҚР Құрылыс ережелеріндегі бөлімінде радиацияға қарсы жаппаларды қирауы ықтимал аймақтарда және одан тыс жерлерде жертөле, цоколь қабаттарының үй-жайларында және жер астында орналастыру керек екендігі аталған болатын.

Жоғарыда көрсетілген ережелерде, сондай-ақ қираулар болуы мүмкін аймақтардан тыс жерлерде, негізінен таулы және шөлді жерлерде, қорғаныс коэффициенті 50-100-ге тең, жер үсті ғимараттарының бірінші қабатындағы оқшауланған үй-жайларды, олардың жабдықтарына жұмсалатын күштер мен құралдардың мүмкіндігінше аз шығындарын ескере отырып, баспанаға бейімдеуге жол берілетіні көрсетілген.

Біздің оқырмандарымыздың пікірлері!

Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығының оқу сапасы жоғары деңгейде

Абрео-Пуентес Рашид Хесус Альбертович – «Эйр Астана» АҚ АҚ және ӨҚ инженері



Жақында мен «Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығында» көп білім алып, онда жаңа дағдыларды игеріп, көп білім алуға мүмкіндікке

ие болдым. Бұл орталық оқытудың өте қызықты тәсілін көрсетті: ақпаратты практикада жақсы меңгеру үшін әртүрлі құралдар мен жабдықтар қолданылды, ұсынылған материалды неғұрлым егжей-тегжейлі түсіндіру үшін өзіндік "фокус-топтар" құрылды. Орталық заманауи білім беру қызметтерін жоғары деңгейде көрсетеді: куратордың бақылауымен жаттығу есептерін орындауға мүмкіндік беретін бағдарлама бар, ол барлық уақытта тыңдаушымен байланыста, жұмыстың барлық көлемін толық қамтитын оқу-әдістемелік материалдар дұрыс ұсынылады.

Бұл орталықтың оқу үрдісін ерекше атап өткім келеді, өйткені мұндағы оқытушылар шынайы де өз саласының майталман мамандары. Оқу барысында олар тек жағымды қасиеттерді көрсетті: жауапкершілік, тиімділік және өз міндеттерін адал орындау. Оқытуды ұйымдастыру және тәртіп жоғары деңгейде болды. Оқу барысында ешқандай проблемалар туындаған жоқ. Мені қызықтырған барлық сұрақтарға уақытылы жауап алдым. Сонымен қатар ол кураторлардың үнемі қолдауы мен ынтасын сезіндім. Осы орайда АҚ саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығының жақсы ұйымдастырылған жұмысы үшін алғысымды білдіргім келеді. Мен осы бағытта бұдан әрі жұмысымда маған пайдалы болатын көптеген сапалы ақпарат алдым деп санаймын.

«Л.Н. ГУМИЛЕВ атындағы
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы



«L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY»
non-profit joint-stock company

Қазақстан Республикасы,
010008, Нұр-Сұлтан қ., Қ. Сәтбаев к., 2
тел.: +7 (7172) 70-95-00, факс: +7 (7172) 70-94-57
e-mail: enu@enu.kz
www.enu.kz

Republic of Kazakhstan,
010008, Nur-Sultan, 2 Satbayev Str.
tel.: +7 (7172) 70-95-00, fax: +7 (7172) 70-94-57
e-mail: enu@enu.kz
www.enu.kz

« 11 », 07 2022 ж. № 07-18-05/-3614

ҚР ТЖМ «Азаматтық қорғау
республикалық оқу-әдістемелік
орталығы» АҚ президенті
Е.Н. Мельниковке

Құрметті Евгений Николаевич!

ҚР ТЖМ «Азаматтық қорғау оқу-әдістемелік орталығы республикалық» АҚ-мен байланысымыз барысында біздің қызметкерлер орталықта жан-жақты білім алды.

Біліктілігі жоғары, бай тәжірибесі бар мен көргені көп оқытушылар оқытты. Олардың кәсіби шеберлергі мен сабақтың беру сапасына, қашан да көмек беруге дайын болғандығына ризашылықтарымызды білдіреміз.

Орталықтың сабақ өтетін аудиториялары аудио-бейне техникаларымен, көрнекі құралдармен жан-жақты жабдықталған, тиісті әдебиеттер де баршылық. Әрбір практикалық сабақтарда аспаптар мен жабдықтар көрсетіліліп, бұл сабақты тартымды етті.

Азаматтық қорғау мен азаматтық қорғаныс саласында білікті мамандарды даярлаудағы жемісті өзара тыңғылықты ынтымақтастығымыз үшін, сондай-ақ заманауи үлгідегі оқыту және ақпаратты технологияларды қолдану арқылы білім бергендеріңіз үшін алғыс айтамыз.

Оқу барысындағы жанға жайлы ахуал шығармашылықты арттыруға, сабақ мазмұнының терең меңгеруге септігін тигізді.

Сондай-ақ оқыту орталығының менеджерлеріне оқу үрдісі туралы барлық қажетті ақпаратты уақытылы бергені үшін ерекше ризашылығымызды білдіреміз.

Басқарма мүшесі- қаржы және
Инфрақұрылым жөніндегі Проректоры

Н. Айдарғалиев

009401

Радиациялық және химиялық бақылау постының жұмысын ұйымдастыру бойынша Әдістемелік нұсқаулық

"Радиациялық және химиялық бақылау постының жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық" АҚ бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдарда" РХБ постының " жұмысын ұйымдастыру мәселелерін реттейтін заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілердің талаптары негізінде әзірленді.

Әдістемелік нұсқаулықта баяндалған материалдар АҚ бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдарда іс жүзінде пайдалануға арналған. Сонымен қатар, бұл ұсыныс ұйымдардың басшылары мен осы ұйымдарда жұмыс істейтін қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету үшін әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

I-БӨЛІМ Терминдер, анықтамалар мен белгілер

РХБ посты - радиациялық және химиялық бақылау бекеті кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар (бұдан әрі-объектілер) базасында құрылады және бейбіт уақытта төтенше жағдайлар қаупі төнген және туындаған кезде соғыс уақытында радиациялық және химиялық бақылау жүргізуге арналған.

"Баршаның назарына" - бұл барлық шұғыл хабарламаларды жібермес бұрын халықтың назарын аудару үшін берілетін ескерту дабылы. Дабыл қағылғаннан кейін халыққа сөйлеу ақпараты жеткізіледі.

"Химиялық дабыл"- дабылы химиялық немесе бактериологиялық шабуыл (жұқтыру) қаупі немесе тікелей анықталған кезде беріледі. Осы дабыл бойынша газқағарды тез арада кию, ал қажет болған жағдайда теріні қорғау құралдарын кию және алғашқы мүмкіндік болған кезде қорғаныс құрылыстарына тығылу қажет.

"Радиациялық қауіп" сигналы - радиоактивті бұлт белгілі бір елді мекен немесе аудан бағытында қозғалатынын білдіреді.

Сигнал байланыс құралдары, радиотрансляциялық желі және дауыс зорайтқыш қондырғылар арқылы диктормен 2-3 минут ішінде " **НАЗАР аударыңыз! НАЗАР аударыңыз!** Азаматтар! Радиоактивті ластану қаупі бар! содан кейін азаматтарға олардың әрекет ету тәртібі туралы үндеу жіберіледі.

АҚ - Азаматтық қорғаныс-бейбіт және соғыс уақытында халықты және аумақты қазіргі заманғы зақымдау құралдарының зақымдау (қирату) факторларының әсерінен, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жөніндегі іс-шаралардың жалпы мемлекеттік кешенін іске асыруға арналған азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі.

ЖУЗ - жауынгерлік улы заттар (ЖУЗ) — қарсыластың жұмыс күшін жоюға арналған улы химиялық қосылыстар.

РЗ-радиоактивті заттар

ҚЗ-қауіпті заттар

ҚӘУЗ-күшті әсер ететін улы заттар

ХБӘА - химиялық барлаудың әскери аспабы — ауада, жерде және әскери уландырғыш заттар - зарин, зоман, иприт, фосген, дифосген, синиль қышқылы, хлорциан, сондай-ақ ауадағы V-газдардың буларын анықтауға арналған аспап.

ДП-5В-ДП-5В дозиметрі гамма-сәулелену бойынша түрлі заттар бетінің гамма-сәулелену және радиоактивті ластану деңгейін өлшеуге арналған. Гамма-сәулеленудің экспозициялық дозасының қуаты сағатына миллирентгендермен немесе рентгенмен анықталады. Бета сәулеленуді өлшеу мүмкіндігі бар.

АҚБ -Азаматтық қорғаныс бастығы.

МК-3 жиынтығы-желдің бағыты мен жылдамдығын, ауа мен топырақтың температурасын анықтауға, сондай-ақ шағын аудандардағы жел режимінің ерекшеліктерін зерттеуге арналған.

Л-1- жеңіл қорғаныс костюмі, қатты, сұйық, тамшы-аэрозольді уландырғыш заттардың, жүзінділердің, аэрозольдардың, зиянды биологиялық факторлардың және радиоактивті шаңның әсерінен адамның тері жабындарын, киім мен аяқ киімді қорғау үшін персо-

налдың әмбебап арнайы киімі ретінде пайдалануға арналған.

КИХ-4-оқшаулағыш КИХ-4 сериялы химиялық костюмдер әртүрлі зиянды химиялық заттардың әсерінен ұзақ уақыт қорғауға арналған. Төтенше жағдайлар, техногендік авариялар мен апаттар кезінде өнеркәсіптік персонал да, авариялық-құтқару құралымдарының жеке құрамы да қолданады.

ЛББЖ - жағдайды барлау, бақылау және болжау қызметінде құрылған желі, бейбіт және соғыс уақытында ауыз судың, тамақ және жемшөп шикізатының (ауаның, топырақтың, судың, өсімдіктердің) радиоактивті, химиялық, биологиялық зақымдануын (ластануын) уақтылы анықтауға және индикациялауға арналған.

II-БӨЛІМ. Кіріспе

Қарсыластың қазіргі заманғы зақымдау құралдарын қолдануы нәтижесінде ядролық және химиялық қарудың зақымдаушы факторларының арасында радиоактивті заттармен (РЗ) ластану, адамдардың, қоршаған ортаның және экономиканың әртүрлі объектілерінің уландырғыш заттармен (УЗ) залалдануы ерекше орын алады.



Ядролық энергетика кәсіпорында-рында, сондай - ақ күн сайын күшті әсер ететін улы заттарды өндіретін, пайдаланатын және тасымалдайтын ұйымдарда авариялар мен апаттар нәтижесінде бейбіт уақытта да **жұғу аймақтары**-РЗ радиоактивті заттары, ҚӘУЗ-дың күшті әсер ететін улы заттары пайда болуы мүмкін.

Инфекцияның ауқымы, қауіптілігі және ұзақтығы РЗ, ҚӘУЗ, ЖУЗ табиғатынан ядролық, химиялық қаруды қолдану жағдайларының сипатына, авариялар немесе апаттар болған ұйымдардың ерекшеліктеріне байланысты.

РЗ жұқтыру дәрежесі жарылыс түріне және жарылыстан кей-

інгі уақытқа байланысты және экспозиция дозасының қуатымен сипатталады.

Химиялық және басқа салаларда көптеген ҚӘУЗ бар, олардың кейбіреулері уыттылығы жағынан ҚЗ-ға жақындайды. ҚӘУЗ бар объектілер қираған кезде және осындай заттар қоршаған ортаға түскен кезде олар адамдар үшін қауіп төндіреді.

Радиоактивті ластану үш себепке байланысты жүреді:

1. ядролық жарылыс нәтижесінде;
2. РҚО-дағы немесе басқа ядролық энергетикалық қондырғыдағы авариялар;
3. медицинада, ғылыми мекемелерде және өнеркәсіпте радиоактивті дәрі-дәрмектерді сақтаудағы салғырттық және немқұрайды қарау салдарынан.

Радиоактивті бұлттың ізі шартты түрде төрт аймаққа бөлінеді:

А- аймағы - орташа ластану; оның ауданы із аймағының 70-80% құрайды;

Б- аймағы - күшті ластану; бұл аймақтың үлесі із аймағының шамамен 10% құрайды;

В-аймағы - күшті ластану; бұл аймақ із аймағының шамамен 8-10% алады;

Г-аймағы - өте қауіпті ластану; ол із аймағының шамамен 2-3% құрайды.



ҚР ТЖМ өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің деректері бойынша бүгінгі күні республикада **9 мың** кәсіпорын және **230 мыңнан** астам қауіпті өндірістік объектілер, күн сайын күшті әсер ететін улы заттарды өндіретін, пайдаланатын және тасымалдайтын **161-ге жуық** химиялық қауіпті объектілер жұмыс істейді. ҚӘУЗ шаруашылығында кеңінен қолданылатындарға хлор жатады және аммиак **19 объектіде қолданылады – 66 (хлор), 53 (аммиак)**. 161 нысанның 92-сі қауіпсіз реагенттерге ауыстыру мүмкіндігіне ие.

Өндіріс және қолдану процесінде қауіптің келесі түрлері болуы мүмкін: **өрт қаупі, жарылыс қаупі, коррозиялық белсенділік**

және уыттылық.

Өндірістік алаңдарда ҚӘУЗ шығарындылары (төгілуі) бар ең типтік авариялық жағдайлар мыналар болып табылады:

1. санитарлық колонка немесе оталдыру білтесі арқылы шығарындылар;
2. вентильдердің, төсемдердің және басқа арматуралардың жарамсыздығынан, жөнделу жұмыстары кезінде бүліну, коррозия салдарынан құбырлардың үзілуі;
3. желдету желілерінің компрессорларындағы жарылыстар;
4. хлор өндірістерінің электролизерлеріндегі вакуумның бұзылуы;
5. құю станцияларының арматурасын бұзу.



ҚӘУЗ әсер ету белгілеріне сәйкес келесі топтарға бөлінеді:

бірінші топ-негізінен тұншықтыратын әсері бар заттар (хлор, үшхлорлы фосфор, фосген);

екінші топ - көбінесе жалпы уытты әсер ететін заттар (сутегі цианиді, хлорциан, гидроциан қышқылы, көміртегі тотығы);

үшінші топ-тұншықтыратын және жалпы уытты әсері бар заттар (күкіртті сутек, азот тотықтары, күкіртті ангидрид);

төртінші топ-нейротропты улар, яғни орталық жүйке жүйесіне әсер ететін заттар (органофосфор қосылыстары, көміртегі дисульфиді) ;

бесінші топ-тұншықтыратын және нейротропты әсері бар заттар (аммиак);

алтыншы топ-метаболикалық улар (дихлорэтан, этилен оксиді, метилхлорид), орталық жүйке жүйесі мен қан түзетін мүшелерге әсер етеді.

Қазіргі соғыс-бұл жаудың экономикасын жоюға бағытталған барлық әрекеттер жиынтығы. Биологиялық қару оның тұжырымдамасына өте жақсы сәйкес келеді. Өйткені, сіз жаудың сарбаздарын немесе оның бейбіт тұрғындарын ғана емес, дақылдарды да жоя

аласыз.

Биологиялық қару-бұл жауды жою үшін әртүрлі қоздырғыштарды қолданатын жаппай қырып-жою қаруының (ЖҚК) түрі. Оны қолданудың негізгі мақсаты-жаудың жұмыс күшін жаппай жою, бұған жету үшін оның әскерлері мен бейбіт тұрғындар арасында қауіпті аурулардың індеті туындайды.

Қазіргі уақытта биологиялық қару заңсыз деп жарияланды: оны әзірлеуге, сақтауға және пайдалануға тыйым салатын бірқатар конвенциялар қабылданды. Алайда, барлық халықаралық конвенцияларға қарамастан, баспасөзде тыйым салынған қарудың жаңа дамуы туралы ақпарат үнемі пайда болады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда республика Президентінің тапсырмасы бойынша "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" заң жобасы әзірленуде. Заң жобасын іске асыру 2022-2024 жылдарға арналған 25,5 млрд. теңгені талап етеді, оларды зертханалық базаны жетілдіруге, биологиялық қатерлерге қарсы іс-қимыл жасау үшін материалдық-техникалық жарактандыруға, биологиялық қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік-ақпараттық жүйені құруға, патогендігі бірінші және екінші топтардың биологиялық агенттерімен жұмыс істейтін мамандарды оқытуға, біліктілігін арттыруға және әлеуметтік қорғауға бағыттау жоспарланып отыр.

Елдің биоқауіпсіздік және биотехнология саласындағы ғылыми әлеуетін 12 ғылыми ұйым ұсынады, олар бүгінгі күні аса қауіпті ауруларға қарсы 68 вакцина, оның ішінде "Казковид" вакцинасын шығарды, биологиялық препараттардың 52 түрін әзірледі.

2020 жылғы 10 қарашада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында сөйлеген сөзінде ДДҰ (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) аясында ауруларды бақылау және биоқауіпсіздік жөніндегі өңірлік орталықтар желісін құру туралы бастаманы жариялады.

Қазақстанда биологиялық қауіпсіздіктің 3-ші деңгейі - BSL-3

зертханасы ашылды, бірақ аса қауіпті вирустық инфекцияларды зерттеу үшін BSL - 4 халықаралық стандарты бойынша биологиялық қауіпсіздіктің анағұрлым жоғары деңгейі зертханасы қажет.

Бүгінгі таңда әлемде BSL - 4 деңгейіндегі 59 биозертхана жұмыс істейді. Олар 23 елде орналасқан. 25 ұқсас зертхана Еуропада, 14 - Солтүстік Америкада және 13 - Азияда орналасқан. Австралияда осындай төрт зертхана бар, тағы үшеуі Африкада. Олар жұмыс істейтін елдердің ешқайсысының беделі бұған әсер еткен жоқ.

Жоғарыда айтылғандардан соғыс уақытындағы қауіп-қатерлерге тән белгілер-бұл зақымдану аймағының кең ауқымы, уақыттың ұзақтығы және радиациялық, химиялық, бактериологиялық инфекцияның қауіптілігі, адамдардың жаппай зақымдануы әр түрлі болуы мүмкін, соның ішінде өмірге қауіп төндіреді: жаракат, күйік, радиоактивті сәулелену, контузия, улану, ауыр жұқпалы аурулар.

Осы Әдістемелік нұсқаулықтың мақсаты бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайларда, қарсыластың радиациялық, химиялық қауіпті қазіргі заманғы зақымдау құралдарын, қолдану нәтижесінде, радиациялық, химиялық қауіпті объектілерде авария туындаған кезде, нақты радиациялық және химиялық жағдай туралы деректер алу үшін құрылған радиациялық және химиялық бақылау постарына (бұдан әрі – РХБ постары) нақты және жоспарлы жұмысты ұйымдастыруға көмек болып табылады. Сондай-ақ халықты, жұмысшылар мен қызметшілерді радиоактивті, улы, күшті әсер ететін улы заттардан қорғау бойынша ұсыныстар әзірлеу.



III-БӨЛІМ.

Радиациялық, химиялық және биологиялық бақылау
постын құру және оның жұмыс істеуі

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 14-тармағына және 9-бабына сәйкес азаматтық қорғау құралымдары азаматтық қорғау күштеріне жатады және бейбіт және соғыс уақытында авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге арналған.



Жоғарыда көрсетілген Заңның 9-бабы 2-тармағының және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23

сәуірдегі № 387 "Азаматтық қорғау құралымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, даярлау және тарту қағидалары" бұйрығының талаптарына сәйкес азаматтық қорғау құралымдары орталық және жергілікті атқарушы органдарда, ұйымдарда құрылады.

Азаматтық қорғаудың объектілік құралымдары ұйымдарда құрылады және олардың мүдделерінде пайдаланылады.

Ұйымдарда, әсіресе ықтимал қауіпті объектілерде құрылатын азаматтық қорғаудың негізгі құралымдарының бірі "радиациялық-химиялық бақылау бекеті" болып табылады. Сондай-ақ, ҚР Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 149 бұйрығына сәйкес РХБ посты жағдайды қадағалау, бақылау және болжау қызметінің құрамына кіреді және азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің аумақтық кіші жүйесінің күштеріне жатады. Посттың негізгі мақсаты-бейбіт және соғыс уақытында радиоактивті және химиялық зақымдануды (залалдануды) уақтылы анықтау және көрсету.

